



ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫ

2023

№4(30) 

ISSN 2518-7252
DOI: 10.52425/25187252

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**



**«ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
«ВЕСТНИК АКАДЕМИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ»**

**SCIENTIFIC JOURNAL
«THE BULLETIN OF ACADEMY
OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES»**

№4 (30) 2023

Қосшы 2023





«ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
2023 № 4 (30)

Құрылтайшы:

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы» ММ

2016 жылдан бастап шығады.

Жылына 4 рет шығарылады.

Жарияланымдар тілі – қазақ, орыс, ағылшын.

Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін
ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген
(ҚР БҒМ БСБК 17.04.2019 ж. № 396 бұйрығы,
28.01.2021 ж. № 52 бұйрығы (ҚБПҮ),
«Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі» (РҒДИ) Ресейлік
библиографиялық мәліметтер базасына,
Қазақстандық дәйексөз қорына (ҚазДҚ) енгізілген.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген.
№ 16600-ЖБ тіркеу куәлігі 2017 жылдың 1 шілдесінде берілген.

Редакциялық кеңестің құрамы:

М.И. Сексембаев – з.ғ.к. (Қазақстан) – **Төраға**;
Е.Б. Абдрасулов – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
С.В. Аракелян – з.ғ.д., профессор (Армения);
И.Ш. Борчашвили – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
М.М. Бринчук – з.ғ.д., профессор (Ресей);
В.А. Бублик – з.ғ.д., профессор (Ресей);
Ә.К. Бұрханов – саяси ғ.к., (Қазақстан);
Г.А. Василевич – з.ғ.д., профессор (Беларусь);
Т.Е. Қаудыров – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
В.П. Кирица – құқық докторы, доцент (Молдова);
Қ.С. Лақбаев – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
В.А. Малиновский – з.ғ.д., доцент (Қазақстан);
В.В. Марчук – з.ғ.к. (Беларусь);
Қ.Қ. Сейтенов – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
В.Г. Татарян – з.ғ.д., профессор (Ресей);
С.Т. Тыныбеков – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
А. Трунк – құқық докторы, профессор (Германия);
Т.А. Ханов – з.ғ.д., профессор (Қазақстан);
В.М. Хомич – з.ғ.д., профессор (Беларусь);
О.А. Ястребов – з.ғ.д., профессор (Ресей).

Редакциялық алқаның құрамы:

С.Ж. Бекішева – з.ғ.д., доцент – **Бас редактор**;
Е.Т. Әбеуов – з.ғ.к., доцент;
Ә.М. Әлібекова – з.ғ.к.;
Р.А. Әмірханов – з.ғ.к.;
Қ.Ж. Баетов – з.ғ.к.;
Е.Н. Бегалиев – з.ғ.д., профессор;
Ұ.Қ. Жанатаева – саяси ғ.д.;
Б.А. Құлмұханбетова – з.ғ.к., доцент;

Д.Х. Найманова;

Р.Р. Нұғманов – з.ғ.к.;
Б.Ғ. Нұрмағамбетов – саяси ғ.к., доцент;
Н.Б. Рахимов – құқық магистрі;
Т.М. Садинов – з.ғ.к.;
Ж.С. Сейтаева – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор;
О.Б. Филипец – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор;
В.В. Хан – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

Редакцияның құрамы:

Б.А. Бәкірова;
Б.Б. Буралкиева – халықаралық қатынастар магистрі;
З.Ж. Қалмырзина – заң ғылымдарының магистрі;
Л.А. Ксеубаева – заң ғылымдарының магистрі;
К.А. Мұқанова;
Б.Ж. Сағымбеков – LL.M құқық магистрі.

Редакцияның мекенжайы:

010078, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика көшесі,
94-құрылыс.
Эл. пошта: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz.

Қолжазбалар қайтарылмайды. Авторлардың пікірлері
редакцияның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.
Материалдарды басқа басылымдарда қолдануға
редакцияның жазбаша келісімінен кейін ғана рұқсат
етіледі. Ұсынылған материалдардың шынайылығына
автор жауапты. Журнал ақпараттарын пайдаланған
кезде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2023 ж.



НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
«ВЕСТНИК АКАДЕМИИ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ»
№ 4 (30) 2023

Учредитель:

ГУ «Академия правоохранительных органов при
Генеральной прокуратуре Республики Казахстан»

Издается с 2016 года.

Выпускается 4 раза в год.

Языки публикаций – казахский, русский, английский.

Включен в Перечень изданий, рекомендуемых для публикации
основных результатов научной деятельности
(приказ ККСОН МОН РК № 396 от 17.04.2019 г.,
приказ № 52 от 28.01.2021 г. (ДСП),

Российскую библиографическую базу данных «Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ),
Казахстанскую базу цитирования (КазБЦ).

Журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 16600-СИ от 1 июля 2017 года.

Состав Редакционного совета:

Сексембаев М.И. – (Казахстан) – **Председатель**;
Абдрасулов Е.Б. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Аракелян С.В. – д.ю.н., профессор (Армения);
Борчашвили И.Ш. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Бринчук М.М. – д.ю.н., профессор (Россия);
Бублик В.А. – д.ю.н., профессор (Россия);
Бурханов А.К. – к.полит.н. (Казахстан);
Василевич Г.А. – д.ю.н., профессор (Беларусь);
Каудыров Т.Е. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Кирица В.П. – доктор права, доцент (Молдова);
Лакбаев К.С. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Малиновский В.А. – д.ю.н., доцент (Казахстан);
Марчук В.В. – к.ю.н. (Беларусь);
Сейтенов К.К. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Татарян В.Г. – д.ю.н., профессор (Россия);
Тыныбеков С.Т. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Трунк А. – доктор права, профессор (Германия);
Ханов Т.А. – д.ю.н., профессор (Казахстан);
Хомич В.М. – д.ю.н., профессор (Беларусь);
Ястребов О.А. – д.ю.н., профессор (Россия).

Состав Редакционной коллегии:

Бекишева С.Д. – д.ю.н., доцент – **Главный редактор**;
Абеуов Е.Т. – к.ю.н., доцент;
Алибекова А.М. – к.ю.н.;
Амерханов Р.А. – к.ю.н.;
Баатов К.Ж. – к.ю.н.;
Бегалиев Е.Н. – д.ю.н., профессор;
Жанатаева У.К. – д.полит.н.;
Кулмуханбетова Б.А. – к.ю.н.;

Найманова Д.Х.;

Нугманов Р.Р. – к.ю.н., доцент;
Нурмагамбетов Б.Г. – к.полит.н., доцент;
Рахимов Н.Б. – магистр права;
Садинов Т.М. – к.ю.н.;
Сейтаева Ж.С. – к.ю.н., ассоциированный профессор;
Филипец О.Б. – к.ю.н., ассоциированный профессор;
Хан В.В. – к.ю.н., ассоциированный профессор.

Состав Редакции:

Бакирова Б.А.;
Буралкиева Б.Б. – магистр международных отношений;
Калмурзина З.Ж. – магистр юридических наук;
Ксеубаева Л.А. – магистр юридических наук;
Муканова К.А.;
Сагымбеков Б.Ж. – магистр права LL.M.

Адрес редакции:

010078, Акмолинская область, г. Косшы,
ул. Республики, строение 94.
Эл. почта: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz.

Рукописи не возвращаются. Мнения авторов могут не совпадать с точкой зрения редакции. Использование материалов в других изданиях допускается только с письменного согласия редакции. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. Ссылка на журнал обязательна.

© Академия правоохранительных органов, 2023 г.



«BULLETIN OF THE ACADEMY OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES»
SCIENTIFIC JOURNAL
№ 4 (30) 2023

Founder:

GA «The Academy of Law Enforcement Agencies under the Prosecutor General's
Office of the Republic of Kazakhstan»

Published since 2016.

Issued 4 times a year.

Publication languages – kazakh, russian, english.

Included to the List of publications recommended for publication of the main results of scientific activity.
(Order of the CCSM MES RK No. 396 of 17.07.2019,
No. 52 of 28.01.2021 (FOUO),
Russian bibliographic database «Russian science citation index» (RSCI),
Kazakhstan Citation Base (KazCB).

The journal is registered in the Committee for Communications, Informatization and Information of the
Ministry on Investments and Development of the Republic of Kazakhstan.
Registration Certificate № 16600-SI dated by July 1, 2017.

Members of the Editorial Council:

Seksembayev M.I. – Candidate of Law
(Kazakhstan) – **Chairman**;
Abdrasulov E.B. – Doctor of Law, Professor
(Kazakhstan);
Arakelyan S.V. – Doctor of Law, Professor (Armenia);
Borchashvili I.Sh. – Doctor of Law, Professor
(Kazakhstan);
Brinchuk M.M. – Doctor of Law, Professor (Russia);
Bublik V.A. – Doctor of Law, Professor (Russia);
Burkhanov A.K. – Candidate of Political Sciences
(Kazakhstan);
Vasilevich G.A. – Doctor of Law, Professor (Belarus);
Kaudyrov T.E. – Doctor of Law, Professor (Kazakhstan);
Kiritsa V.P. – Doctor of Law, Associate Professor
(Moldova);
Lakbayev K.S. – Doctor of Law, Professor (Kazakhstan);
Malinovsky V.A. – Doctor of Law., Associate Professor
(Kazakhstan);
Marchuk V.V. – Candidate of Law (Belarus);
Seitenov K.K. – Doctor of Law, Professor (Kazakhstan);
Tataryan V.G. – Doctor of Law, Professor (Russia);
Tynybekov S.T. – Doctor of Law, Professor
(Kazakhstan);
Trunk A. – Doctor of Law, Professor (Germany);
Khanov T.A. – Doctor of Law, Professor (Kazakhstan);
Khomich V.M. – Doctor of Law, Professor (Belarus);
Yastrebov O.A. – Doctor of Law, Professor (Russia).

Members of the Editorial Board:

Bekisheva S.D. – Doctor of Law, Associate
Professor – **Chief Editor**;
Abeuov E.T. – Candidate of Law, Associate Professor;
Alibekova A.M. – Candidate of Law;
Amerkhanov R.A. – Candidate of Law.;
Baetov K.ZH. – Candidate of Law;

Begaliyev Y.N. – Doctor of Law Professor;
Zhanatayeva U.K. – Doctor of Political Science;
Kulmukhanbetova B.A. – Candidate of Law, Associate
Professor;
Naimanova D.Kh.;
Nugmanov R.N. – Candidate of Law;
Nurmagambetov B.G. – Candidate of Political Sciences,
Associate Professor;
Rakhimov N.B. – Master of Laws;
Sadinov T.M. – Candidate of Law;
Seitayeva Zh.S. – Candidate of Law, Associate
Professor;
Filipets O.B. – Candidate of Law, Associate Professor;
Khan V.V. – Candidate of Law, Associate Professor.

Editors:

Bakirova B.A.;
Buralkiyeva B.B. – Master of International Relations;
Kalmurzina Z.Zh. – Master of Law;
Kseubayeva L.A. – Master of Law;
Mukanova K.A.;
Sagymbekov B.Zh. – Master of Law, LL.M.

Editorial address:

010078, Akmola region, Kosshy c., Republic st.,
building 94.
E-mail: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz.

Manuscripts are not returned. Opinions of the authors may
not be the same with editors view. The use of materials
in other journals is allowed only with the written consent of
the publisher. The author is responsible for the accuracy
of the materials provided. A link to the journal is required.

© Law Enforcement Academy, 2023.



МАЗМҰНЫ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ

А.Қ. Қанатов, Ж.С. Сейтаева. СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫНА ДЕГЕН СЕНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ (2023 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МАТЕРИЯНЫ ТАЛДАУ).....	8
Н. Сәулен, Н.Қ. Иманғалиев. «ЖОЛ ЖҮРІСІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР: ЭЛЕКТР САМОКАТТЫ, ШАҒЫН ЭЛЕКТР КӨЛІГІ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	17

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ

Ө.Қ. Қайшатаева, Е.М. Айтқазин. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	24
--	----

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯ, ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ

М.Г. Әжібаев. ҚАРУДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ: ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	35
Ө.М. Әлібекова. ҚАРЖЫЛЫҚ (ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ) ПИРАМИДАНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖАРНАМАЛАУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	41
Д.Т. Аманова, С.М. Абижанов. АЛДЫН АЛУ ПРОФИЛАКТИКАСЫ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ.....	49
Б.С. Байсейітов. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ САРАПШЫЛАР МЕН МАМАҒАНДАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	59
А.К. Дюсенбаева. РЕЙДЕРЛІКТІ ЗАҢНАМАЛЫҚ АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	65
Д.Б. Қайназарова, А.А. Қалиев. ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕ ТЕРРОРИСТІК ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИСТІК ҚЫЛМЫСТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ.....	74
Т.М. Садинов. АЗАПТАУДЫ ЕРТЕ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖЕКЕ ТӘСІЛДЕРІ.....	83
О.Б. Филипец, С.И. Шелухин. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ТУРАЛЫ.....	92

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ

Г.М. Баймұхаметова. МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ: ТИІМДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ.....	100
Ж.Ж. Ғұбайдуллин. ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚАСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫ ҚҰРУ: ЗАҢДЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	109
А.Қ. Қойшубаева, Т.А. Ханов. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЕРГЕУДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК НЫСАНДАРЫН РЕФОРМАЛАУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	117
Е.Қ. Мыңжанов. АҚШАНЫ ЖЫЛЫСТАТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУДІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНІҢ ПРОБЛЕМАСЫ ТУРАЛЫ.....	130
А.Т. Садвақасова. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	138

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Д.Л. Байдельдинов, Г.Т. Айгаринова. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	147
Г.К. Рашева, Д. Жапарқұлов. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	156

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТТЕР	167
---------------------------------------	-----



СОДЕРЖАНИЕ

КОНСТИТУЦИОННОЕ И АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО

А.К. Канатов, Ж.С. Сейтаева. ПОВЫШЕНИЕ ДОВЕРИЯ К СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ И КАЧЕСТВУ ПРАВОСУДИЯ (АНАЛИЗ КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЙ МАТЕРИИ К КОНЦУ 2023 ГОДА).....8

Н. Саулен, Н.К. Имангалиев. ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ДОРОЖНОМ ДВИЖЕНИИ»: ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРОСАМОКАТОВ И МАЛЫХ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ.....17

ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

А.К. Кайшатаева, Е.М. Айтказин. АКТУАЛЬНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ СИСТЕМЫ СТРАХОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....24

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И КРИМИНОЛОГИЯ, УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЕ ПРАВО

М.Г. Ажибаев. НЕЗАКОННЫЙ ОБОРОТ ОРУЖИЯ: УГОЛОВНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ.....35

А.М. Алибекова. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА РЕКЛАМИРОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФИНАНСОВОЙ (ИНВЕСТИЦИОННОЙ) ПИРАМИДЫ.....41

Д.Т. Аманова, С.М. Абижанов. ПРЕВЕНТИВНАЯ ПРОФИЛАКТИКА КАК ГЛАВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ.....49

Б.С. Байсеитов. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЭКСПЕРТОВ И СПЕЦИАЛИСТОВ В ПРОЦЕССЕ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК: ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....59

А.К. Дюсенбаева. ПРОБЛЕМЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО ОПРЕДЕЛЕНИЯ РЕЙДЕРСТВА.....65

Д.Б. Кайназарова, А.А. Калиев. К ВОПРОСУ ВЫЯВЛЕНИЯ И РАССЛЕДОВАНИЯ ТЕРРОРИСТИЧЕСКИХ И ЭКСТРЕМИСТСКИХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В СЕТИ ИНТЕРНЕТ.....74

Т.М. Садинов. ОТДЕЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ СИСТЕМЫ РАННЕГО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПЫТОК.....83

О.Б. Филипец, С.И. Шелухин. О ПРОБЛЕМАХ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ РЕГЛАМЕНТАЦИИ ОТСРОЧКИ ОТБЫВАНИЯ НАКАЗАНИЯ В СВЯЗИ С БОЛЕЗНЬЮ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....92

УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Г.М. Баймухаметова. О ПРИМЕНЕНИИ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ: ВОПРОСЫ ЭФФЕКТИВНОСТИ И ПУТИ РЕШЕНИЯ.....100

Ж.Ж. Губайдуллин. СОЗДАНИЕ КОНСПИРАТИВНЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ И ОРГАНИЗАЦИЙ В ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ РЕГЛАМЕНТАЦИИ.....109

А.К. Койшубаева, Т.А. Ханов. ВЗАИМОСВЯЗЬ ЗАКОННОСТИ И НРАВСТВЕННОСТИ В УСЛОВИЯХ РЕФОРМИРОВАНИЯ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫХ ФОРМ РАССЛЕДОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....117

Е.К. Мынжанов. К ПРОБЛЕМЕ ПЕРВОНАЧАЛЬНОГО ЭТАПА РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В СФЕРЕ ЛЕГАЛИЗАЦИИ ПРЕСТУПНЫХ ДОХОДОВ.....130

А.Т. Садвакасова. ОСОБЕННОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВА НА ВОЗМЕЩЕНИЕ ВРЕДА, ПРИЧИНЕННОГО ПРИ ДОСУДЕБНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....138

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ПРАВО

Д.Л. Байдельдинов, Г.Т. Айгаринова. ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОХРАНЫ КЛИМАТА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....147

Г.К. Рашева, Д. Джапаркулов. ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....156

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ.....169



CONTENTS

CONSTITUTIONAL AND ADMINISTRATIVE LAW	
A.K. Kanatov, Zh.S. Seitayeva. INCREASING CONFIDENCE IN THE JUDICIAL SYSTEM AND THE QUALITY OF JUSTICE (ANALYSIS OF THE CONSTITUTIONAL AND LEGAL MATTER BY THE END OF 2023).....	8
N. Saulen, N.K. Imangaliyev. AMENDMENTS AND ADDITIONS TO THE LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN «ON ROAD TRAFFIC»: ISSUES OF LEGAL REGULATION OF THE USE OF ELECTRIC SCOOTERS AND SMALL ELECTRIC VEHICLES.....	17
CIVIL AND CIVIL PROCEDURE LAW	
A.K. Kaishatayeva, Y.M. Aitkazin. THE RELEVANCE OF THE INTRODUCING A SYSTEM OF INSURANCE OF PROFESSIONAL ACCOUNTABILITY OF MEDICAL STAFF IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	24
CRIMINAL LAW AND CRIMINOLOGY, PENAL LAW	
M.G. Azhibayev. ILLEGAL ARMS TRAFFICKING: CRIMINAL LAW ASPECTS.....	35
A.M. Alibekova. SOME ASPECTS OF IMPROVING THE LEGISLATION ON RESPONSIBILITY FOR ADVERTISING THE ACTIVITIES OF THE FINANCIAL (INVESTMENT) PYRAMID.....	41
D.T. Amanova, S.M. Abizhanov. PREVENTIVE MEASURES AS THE MAIN DIRECTION OF THE FIGHT AGAINST JUVENILE DELINQUENCY.....	49
B.S. Bayseitov. RESPONSIBILITY OF EXPERTS AND SPECIALISTS IN THE PROCESS OF PUBLIC PROCUREMENT: PROBLEMS OF APPLICATION OF THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	59
A.K. Dyussenbayeva. PROBLEMS OF LEGISLATIVE DEFINITION OF RAIDING.....	65
D.B. Kainazarova, A.A. Kaliyev. TOWARDS THE DETECTION AND INVESTIGATION OF TERRORIST AND EXTREMIST CRIMES ON THE INTERNET.....	74
T.M. Sadinov. SOME APPROACHES TO THE FORMATION OF THE EARLY WARNING OF TORTURE SYSTEM.....	83
O.B. Filipets, S.I. Shelukhin. ON THE PROBLEMS OF LEGISLATIVE REGULATION OF POSTPONEMENT OF SERVING A SENTENCE DUE TO ILLNESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	92
CRIMINAL PROCEDURE, CRIMINALISTICS, FORENSIC EXPERTISE	
G.M. Baimukhametova. ON THE APPLICATION OF THE INSTITUTE OF MEDIATION IN CRIMINAL PROCEEDINGS: EFFICIENCY ISSUES AND SOLUTIONS.....	100
Zh.Zh. Gubaydullin. ESTABLISHMENT OF CONSPIRATORIAL ENTERPRISES AND ORGANIZATIONS IN OPERATIONAL AND INVESTIGATIVE ACTIVITIES: ISSUES OF LEGISLATIVE REGULATION.....	109
A.K. Koishubayeva, T.A. Khanov. THE INTERRELATION OF LEGALITY AND MORALITY IN THE CONTEXT OF REFORMING OF CRIMINAL PROCEDURAL FORMS OF INVESTIGATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	117
Y.K. Mynzhanov. TOWARDS THE PROBLEM OF THE INITIAL STAGE OF INVESTIGATION OF MONEY LAUNDERING CRIMES.....	130
A.T. Sadvakasova. FEATURES OF THE IMPLEMENTATION OF THE RIGHT TO COMPENSATION FOR DAMAGE CAUSED DURING PRE-TRIAL PROCEEDINGS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	138
ENVIRONMENTAL LAW	
D.L. Baideldinov, G.T. Aigarinova. LEGAL ISSUES OF CLIMATE PROTECTION IN THE DIGITALIZATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	147
G.K. Rasheva, D. Japarkulov. ISSUES OF LEGAL REGULATION OF ECO-TOURISM IN THE DIGITALIZATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	156
INFORMATION FOR AUTHORS	171



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ /
КОНСТИТУЦИОННОЕ И АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО /
CONSTITUTIONAL AND ADMINISTRATIVE LAW

ӘОЖ 324.4
МҒТАР 10.15.23

А.Қ. Қанатов¹, Ж.С. Сейтаева²

¹Парламентаризм институты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

*²Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

**СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫНА ДЕГЕН СЕНІМДІЛІКТІ
АРТТЫРУ (2023 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
МАТЕРИЈАНЫ ТАЛДАУ)**

Аннотация. Осы мақалада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға авторлық түсініктеме беріледі. Аталған нормативтік акт оның Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына және құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкестігі тұрғысынан талданады.

Заң үстемдігі мен қоғамдық әл-ауқатты қолдаудағы сенімге лайық сот билігінің негізгі рөлін мойындай отырып, авторлар проблеманың көп қырлы аспектілерін Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіне енгізілетін «халықаралық стандарттар» призмасы арқылы қарастырады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның анықталған жекелеген кемшіліктерінің синтезіне сүйене отырып, авторлар ескірген, тиімсіз іске асырылатын, артық бланкеттік және оның сілтемелік нормаларын өзгертуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық факторларының болуына қатысты өз көзқарасын ұсынады.

Түйінді сөздер: сот; Конституциялық заң; құқықтық саясат; сот жүйесі; судьялардың мәртебесі; сенімділікті арттыру; құқықтық белгісіздік.

А.К. Канатов¹, Ж.С. Сейтаева²

¹Институт парламентаризма, г. Астана, Республика Казахстан

*²Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

**ПОВЫШЕНИЕ ДОВЕРИЯ К СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ И КАЧЕСТВУ ПРАВОСУДИЯ
(АНАЛИЗ КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЙ МАТЕРИИ К КОНЦУ 2023 ГОДА)**

Аннотация. В настоящей статье дается авторский комментарий к Конституционному закону «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан». Указанный нормативный акт анализируется с позиции соответствия его Национальному плану развития Республики Казахстан до 2025 года и Концепции правовой политики.

Признавая ключевую роль заслуживающей доверие судебной власти в поддержании верховенства закона и общественного благополучия, авторы рассматривают многогранные аспекты проблемы через призму имплементируемых «международных стандартов» в правовую систему Республики Казахстан.

Опираясь на синтез выявленных отдельных недостатков Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», авторами предлагается собственное видение касательно изменения устаревших, неэффективно реализуемых, излишних бланкетных и отсылочных его норм, а также наличия коррупциогенных факторов.

Ключевые слова: суд; Конституционный закон; правовая политика; судебная система; статус судей; повышение доверия; правовая неопределенность.



A.K. Kanatov¹, Zh.S. Seitayeva²

¹The Institute of Parliamentarism, Astana c., the Republic of Kazakhstan

²The Academy of Law Enforcement Agencies under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Kosshy c., the Republic of Kazakhstan

INCREASING CONFIDENCE IN THE JUDICIAL SYSTEM AND THE QUALITY OF JUSTICE (ANALYSIS OF THE CONSTITUTIONAL AND LEGAL MATTER BY THE END OF 2023)

Abstract. This article provides the author's commentary on the Constitutional Law «On the judicial system and the status of judges of the Republic of Kazakhstan». The specified normative act is analyzed from the position of its compliance with the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 and the Concept of Legal Policy.

Recognizing the key role of a trustworthy judiciary in maintaining the rule of law and public welfare, the authors consider the multifaceted aspects of the problem through the prism of «international standards» implemented in the legal system of the Republic of Kazakhstan.

Based on the synthesis of the identified individual shortcomings of the Constitutional Law «On the judicial system and the status of Judges of the Republic of Kazakhstan», the authors propose their own vision regarding the change of outdated, inefficiently implemented, excessive blank and reference norms, as well as the presence of corruption-causing factors.

Keywords: court; Constitutional law; judicial system; status of judges; confidence building; quality of justice; efficiency of justice.

DOI: 10.52425/25187252_2023_30_8

Кіріспе. Қазақстан үшін 2025 жылға қарай азаматтардың мүдделерін қорғайтын әділ және тиімді мемлекет құру үшін түбегейлі өзгерістердің бірі (4-жалпыұлттық басымдық): «құқықтық қорғау кепілдіктеріне сенімсіздіктен – сот билігі институтына, толығымен тәуелсіз және әділ сот жүйесіне деген сенімнің жоғары деңгейіне дейін»¹ деген тезис болып табылады.

Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес (3.5-тармақ): «Осы саладағы сот және құқық қорғау органдарының қызметі маңызды, өйткені ол бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтірудің кепілі болып табылады. Осыған байланысты жоғарыда аталған органдарды тиісті заңнамалық базаны жетілдіру арқылы ғана емес, тиісті институционалдық шаралар қабылдау арқылы да тұрақты дамыту қажет»².

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы «шағын» зерттеудегі талдау объектісі

ретінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы алынды³.

Материалдар мен әдістер. Қолданыстағы халықаралық және ұлттық заңнаманың, заң мен арнайы әдебиеттің, құқық қорғау саласындағы құқық қолдану практикасының кең ауқымын қабылдаудың нәтижелілігі үшін «талдау» өтпелі әдіспен:

1. зерттеліп отырған саладағы Қазақстанның құқықтық жүйесіне енгізілетін «халықаралық стандарттарға» талдау жасаумен;

2. қолданыстағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жекелеген кемшіліктерін анықтаумен;

3. ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша

¹ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 ж. 15 ақпандағы №636 Жарлығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> (жүгінген күні: 06.11.2023).

² Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 ж. 15 қазандағы №674 Жарлығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүгінген күні: 06.11.2023).

³ Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132_ (жүгінген күні: 06.11.2023).



нақты ұсыныстармен сүйемелденетін болады.

Нәтижелер/талқылау. Мәселен, негізгі сұрақ: «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының негізгі ережелеріне сәйкес келе ме?

Конституциялық заңның ескірген нормаларына қатысты.

Қазіргі уақытта зерттеліп отырған Конституциялық заңның: «және заңда (заңдарда) көзделген тәртіппен», «заңмен белгіленген», «және заңда» деген сөз тіркестерін қамтитын баптарының көбі пысықтауды талап етеді.

Жоғарыда айтылған сөйлеу орамдары кездесетін жерде «заң (мен, ға)» сөзіне дейін «осы Конституциямен» деген сөзбен жазуды ұсынамыз. Бұл «осы Конституциялық заңның» шеңберіндегі құзыреттердің мәні мен шектерін біркелкі нақтылайтын болады.

Конституциялық заңның тиімсіз іске асырылатын нормаларына қатысты.

Талданып отырған Конституциялық заң – бұл сот құрылымының және сот ісін жүргізудің жаңа форматы болып табылады. Сонымен қатар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) бағалауына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылуын «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңы шеңберінде де қамтамасыз ету қажет [1, 87 б.].

ЭЫДҰ форум бола отырып, оның шеңберінде үкіметтер әртүрлі саладағы өз саясатының тиімділігін салыстырады, тәжірибемен бөліседі және жаңа сынтетеуріндерді ескере отырып, озық тәжірибелерді айқындайды, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардың үздіксіз мониторингін жүзеге асырады және БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын, басқа да халықаралық стандарттар мен озық практиканы, оның ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стамбул іс-қимыл жоспарын орындау бойынша елдің іс-қимылын іске асыру бойынша бірқатар ұсыныстар енгізеді.

Атап айтқанда, ЭЫДҰ-ның Қазақстан мониторингінің екінші раунды туралы есебіне ұсынымдарында:

- ...судьяларды тағайындауға және оларды қызметтен босатуға саяси органдардың (Президент, Парламент) ықпалын барынша шектеу;

- ...судьялардың мансабына, олардың қамтамасыз етілуіне, жауаптылығына байланысты мәселелерде сот төрағаларының өкілеттіктерін жою;

- ...судьялар мен олардың отбасы мүшелерінің мүлкін, кірістерін және мүмкіндігінше шығыстарын кейіннен осындай декларацияларды жариялай отырып, міндетті декларациялауды (салық міндеттемелеріне байланыстырмай) жүргізу;

- ...заңда судьяларды тәртіптік жауаптылыққа тартудың егжей-тегжейлі рәсімін көздеу, сондай-ақ заңдық айқындылық қағидатына және қорғалу құқығына сәйкес осындай мәселелерді қарау жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесін және шешімге сот сатысында шағымдану мүмкіндігін көздей отырып, тәртіптік жауаптылық пен қызметтен босатудың санын шектеу және негіздерін нақты айқындау;

- ...уақыт өте келе судьяларға сыйлықақыны алып тастай отырып, судьялардың жалақыларының мөлшерін және оларға мүмкін болатын үстемелердің толық тізбесін заңда айқындау [1, 69 б.] қажет деп көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 ақпандағы №226-VI, 2023 жылғы 27 наурыздағы №215-VII Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында ЭЫДҰ сарапшылары ұсынған проблемалық мәселелер фрагментарлық түрде шешілгенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар «саяси органдардың (Президент, Парламент) судьяларды тағайындауға және оларды қызметтен босатуға ықпалын шектеу» және «заңда судьялардың жалақыларының мөлшерін айқындау» жөніндегі ұсынымдарды толық іске асыру мүмкін болмады.

Бұған қоса, 2020 жылғы 16 қаңтарда



Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына (GRECO) кіргені белгілі. GRECO барлық жаңа мүшелер қорытындыға келген-келмегеніне қарамастан, оның барлық раундтарына қатысты бағаланатын болады деп шешті. Осыған байланысты Қазақстанға бірінші және екінші раундтардың тақырыптарын қамтитын бірлескен бағалау рәсімі ұсынылды.

Атап айтқанда, 2022 жылғы 25 наурызда Страсбургте өткен GRECO 90-пленарлық отырысында қабылданған Қазақстан бойынша бағалау есебінде судьяларға арналған 89-ұсыным ретінде мыналар атап өтілді: «Қазақстандағы сот жүйесінің тәуелсіздігіне қатысты GRECO бағалау тобы Венеция комиссиясының тиісті қорытындыларындағы ұсынымдарына сілтеме жасайды, олар өзекті болып қала береді. Осылайша, қазіргі шаралар мұқият институционалдық шолуға лайық. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, GRECO сот билігінің тәуелсіздігін арттыру және сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты прокуратура мен құқық қорғау органдарына барабар функционалдық дербестік беру, сондай-ақ осы органдарды кез келген заңсыз ықпал етуден, оның ішінде мемлекеттің жоғары саяси/атқарушы билік органдарынан қорғау үшін қажетті заңнамалық және тәжірибелік шараларды қабылдауды ұсынады» [2, 27 б.].

Біздің ойымызша, бұл ұсыным Жоғарғы Сот Кеңесінің құқықтық мәртебесін өзгерту арқылы соттың өзін-өзі басқаруын барлық жерде (кеңінен) дамыту арқылы шешілуі тиіс, оның құрамының басым бөлігін басқа судьялар сайлайтын судьялар құрауы тиіс. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына өзгеріс енгізу ұсынылады⁴. Бұл ретте, Кеңес құрамына қатысты заңнамалық жаңалықтар «болашақ судьяларды судьялар таңдайды» деген қағидаға сәйкес келуі тиіс.

Соттарға істерді нақты бөлу мәселесіне қатысты ЭЫДҰ мониторингтік тобы іс жүзінде белгіленген өлшемдерге сәйкес істерді бөлу үшін автоматтандырылған жүйе қолданылатынын мойындайды.

Алайда істерді кездейсоқ бөлу қағидаты Конституциялық заңда нақты көрсетілмеген және автоматтандырылған жүйенің жұмысына рұқсатсыз араласу үшін жауаптылық қарастырылмаған.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы аясында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 21 ақпандағы №226-VI Конституциялық заңымен бұл проблемалық мәселе ішінара шешілді. Яғни, бұрын «Төрелік» Қазақстан Республикасы сот органдарының автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінде істерді автоматтандырылған бөлу қағидалары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының өкімімен бекітілген болса, қазіргі уақытта соттарда істерді автоматтандырылған бөлу қағидалары Жоғарғы Соттың жалпы отырысында бекітіледі.

Осыған орай мынадай сұрақ туындайды: Бұл ЭЫДҰ талаптарын қанағаттандыру үшін жеткілікті ме?

Біздің ойымызша, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында сот төрелігінің қағидаттарын, оның ішінде істерді кездейсоқ (автоматтандырылған) бөлу қағидатын бөлек көрсету қажет.

Осыған байланысты талданып отырған Конституциялық заңды «Сот төрелігінің қағидаттары» деген 4-1-баппен толықтыру немесе (жаңа 4-1-бапта) баптың 3-бөлігінде белгіленген сот төрелігі қағидаттарын іске асырудың нақты тетіктерін ашып көрсету ұсынылады (ҚР Конституциясының 77-бабы).

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 3-бөліміндегі 1-1 жеке тарауда судья әдеби мәселелерін реттеу қажет деп пайымдаймыз.

Мысалы, 2016 жылы Қазақстанда

⁴ «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 4 желтоқсандағы №436-V ҚРЗ Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000436> (жүргізілген күні: 06.11.2023).



судьялардың мінез-құлқы мен кәсіби міндеттерін реттейтін Судья әдеби кодексі⁵ қабылданды. Кодекс халықаралық стандарттар мен сот жауапкершілігінің қағидаттарына негізделген.

Мәселелер Кодексті бекіту және оның сақталуын бақылау сыртқы жүйені жоққа шығарудан туындайды, ал Кодексті сақтау міндеті мониторинг ұйымына мүшелікке байланысты.

Осыған байланысты ЭЫДҰ мониторингтік тобы судьялардың тәуелсіздігін және олардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында судьялардың өзін-өзі басқару органдарының мәртебесін реттеуді және заңнамаға Судья әдеби кодексінің сақталуын бақылауды неғұрлым нақты қамтамасыз ететін өзгерістер енгізуді ұсынады.

Осылайша, ұсынымды және ЭЫДҰ талабын орындау үшін қолданыстағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына Судья әдеби кодексінің нормаларын енгізу қажет.

Осыны ескере отырып, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын ЭЫДҰ мен GRECO халықаралық стандарттарының талаптарына қатысты өзектендіру ұсынылады.

Конституциялық заңның артық бланкеттік және сілтемелік нормаларына қатысты.

Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес (4.2-тармақ): «...заңнаманың ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында құқықтық нормаларды қалыптастырудың жалпы әдістерін барынша азайту мәселесін пысықтау маңызды».

Заңнаманы жүйелеу, оны заңнаманың салалары бойынша одан әрі шоғырландыру, сондай-ақ оны ескірген және қайталанатын нормалардан арылту, құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толтыру және қолданыстағы заңнамадағы ішкі қайшылықтарды жою бойынша норма шығармашылық қызметінің тиімді

құралдарының бірі болып табылады. Заңдардағы нормаларға сілтеме жасау және тиісінше Конституцияға сәйкес заңнамалық актілер қабылдануы мүмкін мәселелер шеңберінде тікелей әсер ететін заңдарды қабылдау практикасын кеңейту. Конституциялық заңда бланкеттік (сілтемелік) сипаттағы нормалар жеткілікті, атап айтқанда мыналар (*курсивпен белгілінген*):

9-бап. Аудандық соттың төрағасы

1. Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар: 7) *заңда көзделген* басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- 14-бап. Облыстық соттың төрағасы

1. Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар: 11) *заңда көзделген* басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- 15-бап. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы

1. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар: 5) *заңда көзделген* басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- 16-бап. Облыстық соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстары

1. Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда: 10) *заңда көзделген* басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- 20-бап. Жоғарғы Сот Төрағасы

2. Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ: 9) *заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген* басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сондай-ақ басқа да ұқсас құрастырылған нормалар.

Біз «осы Конституциялық заңның» шеңберінде барлық деңгейдегі сот төрағалары өкілеттіктерінің мәні мен шегін біркелкі нақтылауды ұсынамыз.

Жалпылық норманың тағы бір түрі

⁵ Судья әдеби кодексі: 2016 ж. 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде қабылданған [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://sud.gov.kz/kaz/content/sudyalyk-dep-kodeksi> (жүгінген күні: 06.11.2023).



(анықтамалық) болып мынадай норма бола алады:

- 24-бап. Судьялардың ауыстырылмайтындығы

2. Судьялардың өкілеттіктері тек қана осы Конституциялық заңда және *Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында* көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

Әдістемелік жағдайда мұндай жалпы нормалардың қоғамдық қауіптілігі ретінде Заңды жүзеге асыру мақсатында қабылданған мұндай нормалардың нормативтік құқықтық актінің мәні мен мазмұнын бұрмалауы болып табылады. Бұл, өз кезегінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай арттырады және әдетте, азаматтардың заңнамаға деген сенім деңгейін төмендетеді.

Ұсыныс:

Курсивпен жазылған анықтамалық норма жаңартылған және қолданыстағы барлық нормативтік құқықтық актілерде қолданылып жүрген заманауи құқықтық терминологияны пайдалана отырып жаңартылуы тиіс.

Конституциялық заңның 24-бабының мынадай редакциясын ұсынамыз: «2. Судьялардың өкілеттігі осы Конституциялық заңда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша ғана тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.».

Мұндай редакция талданып отырған 24-баптың аясын «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 33 және 34-баптарында бекітілген нақты негіздермен шектеуге мүмкіндік береді.

Конституциялық заңда сыбайлас жемқорлық факторларының болуына қатысты.

Талданып отырған заң сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормалар арқылы) қамтиды.

Біріншіден, *дискрециялық өкілеттіктер* тұрғысынан талданып отырған Конституциялық заңның 34-1-бабы күмәнді болып табылады, онда мыналар көзделген: «2. Судья лауазымында болуға оның шекті жасқа – алпыс бес жасқа толуына дейін жол

беріледі, *бұл айрықша жағдайларда* осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен бес жылдан аспайтын мерзімге *ұзартылуы мүмкін».*

Бұл жағдайда «заң шығарушыға» өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде қажетсіз жасанды дискреция беріледі. Ал, жоғарыда атап өткендей, Конституциялық заңды жүзеге асыру мақсатында қабылданған мұндай нормалар нормативтік құқықтық актінің мәні мен мазмұнын бұрмалайды.

Сондықтан жоғарыда аталған тармақтан (Конституциялық заңның 34-1-бабы) Жоғары Сот Кеңесінің жасанды билігін алып тастау қажет.

Екіншіден, «жасанды таңдау» шеңберіндегі ұқсас норма Конституциялық заңның 39-бабында бекітілген: «1. Судья тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа *тартылуы мүмкін».*

Уәкілетті басшының құзыреті құқықтар мен міндеттердің бірлігі арқылы түсініледі, яғни олар бір-бірімен тығыз байланысты. «Құқылы», «мүмкін», «болуы тиіс» формулаларында қамтылатын құқықтар мен міндеттерді бөлу белгілі бір жағдайларда өкілеттікті құқық ретінде пайдалануға, яғни оны жүзеге асырмауға болатыны туралы елес тудырады.

Басқа кемшіліктерге қатысты.

Талданып отырған Конституциялық заңның 56-бабына қатысты.

Біздің жағдайда *динамикадағы заң шығармашылығы сұрағын қою проблемасы туындайды.* Атап айтқанда, Германия, Түркия, Оңтүстік Корея және басқа да елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, судьяларды сот өкімшілігіне тікелей қатысты лауазымдарда кеңінен пайдалану ұсынылады.

Бұл мәселе Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы жобасының 56-бабының жаңа редакциясын талқылауға байланысты туындады.

Мәселенің шығу тарихы келесідей.

«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы



22 желтоқсандағы №119-VI Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен (ол кездегі) Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 56-бабына заңнамалық жаңалық енгізілді. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына: «Судья Жоғарғы Сот Төрағасының келісімімен сот төрелігін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге тікелей байланысты лауазымға (Сот төрелігі академиясындағы және уәкілетті органдағы) судья өкілеттіктерін тоқтата отырып, судья атағын және судьялар қоғамдастығына жататынын сақтай отырып, кадр резервіне іріктеу және конкурс өткізілместен тағайындалуы мүмкін» деген тармақ енгізілді.

Одан әрі «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №176-VII Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен (2023 жылғы 12 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) жаңа редакция ұсынылды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабында «Судья Жоғарғы Сот Төрағасының келісімімен лауазымға тағайындалуы мүмкін. Сот төрелігін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге тікелей байланысты (Сот төрелігі академиясында және уәкілетті органда), кадр резервіне іріктеусіз және судьяның өкілеттігін тоқтата тұрумен конкурссыз, судья атағын және судьялар қауымдастығына мүшелігін сақтай отырып» деген норма жойылды.

9 айға жетер-жетпес уақыт өткеннен кейін біз «барлық жаңа, кеше ғана ұмытылған ескі екенін» байқаймыз. Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 56-бабына «Судья Жоғарғы Сот Төрағасының келісімімен отставкадағы судьяның лауазымдық міндеттерін атқара алады. Судья лауазымын және сот қауымдастығына мүшелігін сақтай отырып, судьяның өкілеттігін тоқтата отырып, кадр резервіне және конкурсқа іріктеусіз

екі жыл мерзімге сот әкімшілігімен тікелей байланысты лауазымға (уәкілетті органда және Академияда) тағайындалуы мүмкін.» деген ережені енгізу ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру мақсатын негізге ала отырып, екі сұрақ туындайды:

Бірінші сұрақ: Осы саладағы конституциялық заңнаманың тұрақтылығы (тұрақсыздығы).

Шынында да, қолданыстағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданған сәттен бастап (ВАК-та ұсынылған Конституциялық заң жобасын ескере отырып) «маңызды» заңнамалық актіге 22 Конституциялық заңмен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, яғни 23 жылда 22 заң қабылданды.

Екінші сұрақ: Осы уақыт ішінде (9 ай және одан да көп, 2023 жыл) сот әкімшілігіне тікелей қатысты лауазымдарға (уәкілетті органда және Академияда) судья атағын және сот қауымдастығына мүшелігін сақтай отырып, кадр резервіне іріктеусіз және судья өкілеттіктерін тоқтата тұрып конкурссыз тағайындаулар (орын ауыстырулар, босатулар) болды ма? Ал егер, болған жағдайда, бұл тағайындаулар заңды ма?

Қорытынды. Зерттеліп отырған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына мынадай негізгі қорытынды: Конституциялық заңдағы нөмірлеуге сәйкес 59 бап (оның ішінде 13, 16-1, 19, 22-1, 38, 41, 43, 46 және 48 алып тасталды), ол 16-1, 22-1, 23-1, 29-1, 30-1, 34-1, 35-1, 38-1, 38-2, 38-3, 44-1, 55-1-баптармен толықтырылды. Нәтижесінде баптардың нақты саны – 69 (алып тасталған 13, 16-1, 19, 22-1, 38, 41, 43, 46, 48-баптармен бірге).

Зерттеліп отырған Конституциялық заңның 69 бабының 66-сына немесе 95%-на өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, ал сапалық көрсеткішке келетін болсақ, Конституциялық заң қабылданғаннан (қолданысқа енгеннен) бастап (2000 жылғы 25 желтоқсаннан



бастап) оған 22 түрлі Конституциялық заңмен («Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасын ескере отырып), атап атқанда 501-ден астам тармаққа барлығы 257 бапқа (Конституциялық заң жобасын есепке алмағанда) өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін атап өтеміз.

Осы орайда «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі⁶ Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 9-тармағын басшылыққа алу қажет, онда: «Құқықтық актілердің мәтініне нормативтік құқықтық акт мәтінінің жартысынан асатын көлемде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде оның жаңа редакциясын қабылданғанын міндеттейді».

Осылайша, жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау жөнінде маңызды

міндетін шешуді ескере отырып, заңдар (кодекстер) нормаларындағы олқылықтар мен жасанды қайшылықтарды барынша азайту, ең бастысы, сот құрылымымен және судьялардың мәртебесімен, Қазақстан Республикасында сот төрелігін іске асыру тәртібімен, судьялардың тәртіптік жауаптылығымен байланысты құқықтық қатынастардың қалыптасуы мақсатында ЭЫДҰ және GRECO стандарттары шеңберінде мынадай: «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының негізгі ережелеріне сәйкес келе ме деген негізгі сұраққа теріс жауап берген жөн.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» жаңа Конституциялық заңды таза парақтан (2025 жылдан кейін) әзірлеп, қабылдау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Anti-corruption reforms in Kazakhstan: 4 th round of monitoring of the Istanbul AntiCorruption Action Plan // OECD, 2017. – 194 p. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Kazakhstan-Round-4-Monitoring-Report-ENG.pdf> (Access data: 28.10.2023).
2. Совмещенный первый и второй раунд оценки: Отчет об оценке по Казахстану / GrecoEval 1/2 Rep(2021)1. – 86 с. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://rm.coe.int/grecoeval1-2rep-2021-1-final-rus-evaluation-report-kazakhstan-public/1680a6e774> (дата обращения: 28.10.2023).

References:

1. Anti-corruption reforms in Kazakhstan: 4 th round of monitoring of the Istanbul AntiCorruption Action Plan // OECD, 2017. – 194 p. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Kazakhstan-Round-4-Monitoring-Report-ENG.pdf> (Access data: 28.10.2023).
2. Sovmeshhennyj pervyj i vtoroj raund ocenki: Otchet ob ocenke po Kazahstanu / GrecoEval 1/2 Rep(2021)1. – 86 s. [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://rm.coe.int/grecoeval1-2rep-2021-1-final-rus-evaluation-report-kazakhstan-public/1680a6e774> (data obrashhenija: 28.10.2023).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Алмаз Қанатұлы Қанатов – Парламентаризм институтының атқарушы директоры, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, e-mail: kahatov_76@mail.ru.

Канатов Алмаз Канатович – исполнительный директор Института парламентаризма, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, e-mail: kahatov_76@mail.ru.

⁶ Құқықтық актілер туралы: Қазақстан Республикасының 2016 ж. 6 сәуірдегі №480-V ҚР Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүгінген күні: 06.11.2023).



Kanatov Almaz Kanatovich – Executive Director of the Institute of Parliamentarism, Candidate of Law, Associate Professor, e-mail: kahanov_76@mail.ru.

Жанар Секежанқызы Сейтаева – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы кәсіптік оқыту институтының жаһандық қауіптерге қарсы тұру бойынша арнайы дайындық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, e-mail: seitaeva-zhanara@mail.ru.

Сейтаева Жанар Секежановна – заведующий кафедрой специальной подготовки по противодействию глобальным угрозам Института профессионального обучения Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, e-mail: seitaeva-zhanara@mail.ru.

Seitayeva Zhanar Sekezhanovna – Head of the Department of Specialized Training on Counter Global Threats of the Institute of Vocational Training of the Academy of Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, Associate Professor, e-mail: seitayeva-zhanara@mail.ru.



ӨЖ 342.52
МҒТАР 10.15.35

Н. Сәулен, Н.Қ. Иманғалиев

Парламентаризм институты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

«ЖОЛ ЖҮРІСІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР: ЭЛЕКТР САМОКАТТЫ, ШАҒЫН ЭЛЕКТР КӨЛІГІ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен енгізілген «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңына («шағын электр көлігі құралы» және «электр самокаттары» ұғымдары, олардың иелерінің құқықтары мен міндеттері) түзетулер қарастырылады, ағымдағы жылғы 29 маусымда қабылданды.

Сонымен қатар осы өзгерістердің қазіргі жол қозғалысы мен ұтқырлық дәуіріндегі маңыздылығы мен салдары талданды. Авторлар шағын электр көлігі құралдарын, электр самокаттарды пайдаланудың құқықтық аспектілеріне, реттеу ерекшеліктеріне және олардың жол қозғалысын ұйымдастыруға әсеріне байланысты мәселелерді қарастырды. Атап айтқанда, авторлар шағын электр көлігі құралдарын, электр самокат ұғымдарын бір ұғыммен атауды, жолдың оң жақ жиегіне шығарудың артықшылықтары мен қолданыста енгізгенде туындайтын мәселелеріне тоқталды.

Түйінді сөздер: жол жүрісі; шағын электр көлігі құралы; жол жүру ережесі; электр самокат; моно дөңгелек; сигвей; гироскутер; велосипед.

Н. Саулен, Н.К. Иманғалиев

Институт парламентаризма, г. Астана, Республика Казахстан

ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ДОРОЖНОМ ДВИЖЕНИИ»: ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРОСАМОКАТОВ И МАЛЫХ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ

Аннотация. В статье рассматриваются поправки в Закон Республики Казахстан от 17 апреля 2014 года «О дорожном движении» (понятия «малое электрическое транспортное средство» и «электросамокат», права и обязанности их владельцев), внесенные Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам организации дорожного движения», принятым 29 июня текущего года.

Также были проанализированы важность и последствия этих изменений в современную эпоху дорожного движения и мобильности. Авторы рассмотрели вопросы, связанные с правовыми аспектами эксплуатации малых электрических транспортных средств, электросамокатов, особенностями регулирования и их влиянием на организацию дорожного движения. В частности, авторы остановились на проблемах, возникающих при введении в действие малых электрических транспортных средств, понятие электросамоката, названия с одним понятием, избыточности выпуска на правый край дороги.

Ключевые слова: дорожное движение; малое электрическое транспортное средство; правила дорожного движения; электросамокат; моноколесо; сигвей; гироскутер; велосипед.



N. Saulen, N.K. Imangaliyev

The Institute of Parliamentarism, Astana c., the Republic of Kazakhstan

AMENDMENTS AND ADDITIONS TO THE LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN «ON ROAD TRAFFIC»: ISSUES OF LEGAL REGULATION OF THE USE OF ELECTRIC SCOOTERS AND SMALL ELECTRIC VEHICLES

Abstract. The article discusses amendments to the Law of the Republic of Kazakhstan dated April 17, 2014 «On Road Traffic» (the concepts of «small electric vehicle» and «electric scooter», the rights and obligations of THEIR OWNERS) introduced by the Law of the Republic of Kazakhstan «On Amendments and Additions to some Legislative acts of the Republic of Kazakhstan on traffic management» adopted on June 29 of this year.

The importance and consequences of these changes in the modern era of road traffic and mobility were also analyzed. The authors considered issues related to the legal aspects of the operation of small electric vehicles, electric scooters, regulatory features and their impact on the organization of traffic. In particular, the authors focused on the problems that arise when small electric vehicles are put into operation, the concept of an electric scooter, names with one concept, redundancy of release to the right edge of the road.

Keywords: road traffic; small electric vehicle; traffic laws; electric scooter; monowheel; segway; gyroscuter; bicycle.

DOI: 10.52425/25187252_2023_30_17

Кіріспе. Біздің күнделікті өміріміз жоғары технологиялық құрылғыларға толуда. Соңғы жылдарда бүкіл әлемде адамдардың, әсіресе жастардың шағын экологиялық таза көлік құралдарын (электр самокаттарды, монокодөңгелектерді, гироскутерлерді және оларға ұқсас басқа да құралдарды) (бұдан әрі – ШЭКҚ) қозғалу үшін пайдалануға деген қызығушылығы артты. Қазақстанның барлық қалаларында, әсіресе Астана, Алматы және Шымкент қалаларында кикшерингтер (ағылш. kick – аяқпен итеру, sharing, to share – бірлесіп пайдалану), яғни самокаттарды жалға беретін мамандандырылған жүйелер саны өсуде. Бұл құралдардың барлығы бірқатар артықшылықтарға ие (дыбыссыз, мобильді, қолдануға ыңғайлы және экологиялық таза), яғни қазіргі адамның қоршаған ортаға деген көзқарасының революциялық өзгеру жағдайында өте маңызды болып отыр. Әсіресе, электр самокаттар ерекше қолданысқа ие болуда.

Мысалы, 2019 жылы АҚШ-та 86 миллион электр самокатпен жүру тіркелген, бұл 40 миллион жалпыға ортақ велосипедпен жүруден шамамен екі есе көптігін көрсеткен. Электр самокаттарды пайдалануға деген жоғары сұраныс электр самокатты ортақ

пайдалану стратегияларын бағалаудың маңыздылығын көрсетеді [1].

Бостон консалтингтік тобының бағалауы бойынша оларды пайдаланудың әлемдік нарығының көлемі 2025 жылға қарай 50 миллиард долларға дейін жететіндігін көрсетіп отыр¹.

Сонымен қатар адамдардың электр самокаттарды пайдалану санының өсуі жол-көлік оқиғаларының (бұдан әрі – ЖКО) өсуіне байланысты бірқатар проблемаларды тудырды. Мысалы, аталған көлік құралдары жаяу жүргіншілерге оларды тротуарларда пайдалану кезінде нақты қауіп төндіреді, адамдар ауыр жарақат алған жаяу жүргіншілерге соқтығысу жағдайлары тіркелді. Сондай-ақ электр самокаттарды пайдаланушылар жолдың жүріс бөлігіндегі автомобильдердің қатысуымен ЖКО қатысушыларына айналды.

Мәселен, 2021 жылы Алматыда мопедтер мен самокаттардың жүргізушілері 30-ға жуық ЖКО жасаған. Бұл автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілердің наразылығын тудырды. Олар көлік құралдарында мемлекеттік нөмірлердің болмауының кесірінен деп санайды. Бұл жауапкершіліктен құтылуға мүмкіндік береді, камералар оларды

¹ E-scooter market could be worth 40 to 50 billion USD by 2025 53 [Electronic resource] // The Brussels Times. – 17.05.2019. – Access mode: <https://www.brusselstimes.com/56872/self-service-scooters-a-market-worth-40-to-50-billion-usdin-2025> (Access data: 28.09.2023).



тіркемейді. Сондықтан автоөуесқойлардың пікірінше, олар жолдардағы ережелерді бұзып қана қоймай, қала тұрғындарының өміріне қауіп төндіреді².

Ағымдағы жылдың 29 тамызына дейін Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңына сәйкес олар жол қозғалысы үшін техникалық құралдар болып табылмаған. Іс жүзінде барлық сарапшылар мұндай құралдардың қозғалу тәртібі тез арада заңнамалық бекітуді талап ететінін, себебі бұл бірқатар құқықтық жағымсыз салдарлар тудыратынын қозғады. Осыған байланысты электр самокаттар үшін жол қозғалысы ережелерін қайта қарау қажеттілігі туындады.

Сонымен бірге электр самокаттардың танымалдылығына қарамастан, сарапшылар техникалық бөлік бойынша стандарттардың бірыңғай талаптарына сәйкес келуін, яғни шағылыстыратын таңбалануы, самокаттың өзінің таңбалануы, фаралар мен сигналдарының болу қажеттілігін атап өтті. Аталған мәселелерді шешу үшін 2022 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы СТ 3769-2022 «Электр самокаттар. Техникалық талаптар» ұлттық стандарты бекітілді, ол электр энергиясының белгіленген көздерінен қозғалысқа келтірілетін электр самокаттарына қолданылады. Бірақ бұл стандарт өзін-өзі теңестіру жүйесі бар электрлік қозғалыс құралдарына қолданылмайды (моноколдар, басқару тұтқасы бар немесе онсыз гироскутерлер).

2021 жылдан бастап бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жол қозғалысының жаңа қатысушыларын – электр самокат пен ШЭКҚ иелерінің құқықтары мен міндеттерін заңнамалық реттеудің жоқтығы туралы көптеген хабарламалар, мақалалар пайда болды.

Осылайша, жоғарыда аталған күрделі мәселелерді реттеудің шұғыл қажеттілігіне байланысты 2023 жылдың 29 тамызында күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы

көзделген түзетулер жол қозғалысының қатысушылары үшін тиісті жүріс-тұрыстың айқындығы мен түсінігін енгізді.

Қарастырылып отырған өзгерістердің күрделілігіне, ұзағырақ мерзімге бақылауды қажет етуіне байланысты өзгерістердің іс жүзінде іске асырылуына әрі қарай талдау жасау осы зерттеу аясында мүмкін болды. Заңнамаға енгізіліп отырған жаңартулардың тәжірибеде іске асуы барысында кейбір механизмдерді жетілдіру қажеттілігі туындап, біраз қиындықтар тудыруда, тиісінше жанжақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан зерттеу тақырыбы өзекті және мақала барысында қойылған мақсат енгізілген жаңашылдықтар мен өзгерістердің іс жүзінде іске асырылуына зерттеу жүргізуді жалғастыру, анықталған олқылықтар мен кедергілерді шешу мүмкіндіктерін қарастыру, тиісті ұсыныстар жасау болып табылады.

Әдістер мен материалдар. Ғылыми мақаланы жазу барысында құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, құрылымдық, логикалық және құқықтық актілердің нормаларын түсіндіру әдістері қолданылды. «Жол жүрісі туралы» ҚР заңына 2023 жылғы 29 маусымда енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәні мен мазмұны логикалық, салыстырмалы-құқықтық, нормаларды түсіндіру әдістерін қолдану арқылы зерттелді.

Нәтижелер, талқылау. Ағымдағы жылдың 29 тамызында күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасы «Жол жүрісі туралы» ҚР заңына түзетулер енгізді. Түзетулер жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында шағын экологиялық таза көлік құралдарын (электр самокаттары, моно дөңгелектер, гироскутерлер, гироподтар және ховербордтар) пайдалануды құқықтық реттеуге бағытталған. Атап айтқанда, «шағын электр көлігі құралы» және «электр самокаты» сияқты жаңа ұғымдармен, сондай-ақ электр самокаттары, шағын электр көлік құралдары

² Алматыда биыл мопед пен самокат мінгендерге қатысты 29 жол апаты болды [Электрондық ресурс] // Хабар 24. – 18.05.2021. – Айналыс режимі: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/474331-almatyda-biyil-moped-pen-samokat-mingenderge-atysty-29-zholapaty-boldy> (жүгінген күні: 31.10.2023).



жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттерін көздейтін нормалармен толықтырылды.

1. «Жол жүрісі туралы» ҚР заңының 1-бабының 53-1) тармағына сәйкес шағын электр көлігі құралы – электр қозғалтқышы бар электр самокаттар мен мопедтерді қоспағанда, электр қозғалтқышпен жарақталған, жеке жүріп-тұруға арналған, бір немесе бірнеше дөңгелегі бар көлік құралы болып танылса, 1-бабының 57) тармағына сәйкес электр самокат – екі немесе үш дөңгелегі бар, электр қозғалтқышты (электр қозғалтқыштарды) пайдалану арқылы бір адамның жүріп-тұруына арналған, орындығы жоқ, ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына жиырма бес километрден аспайтын жеке мобильді көлік құралы болып табылады³.

Заңда электр самокат пен ШЭКҚ ұғымдарын даралап енгізген, алайда қазіргі технология дамыған заманда ШЭКҚ-ның жылдамдығы олармен тең келуде. Сондықтан ШЭКҚ-тың әртүрлі режимдері мен ерекшеліктеріне мән берген дұрыс деп есептейміз. Атап айтсақ, электрлі скейтбор – жылдамдығы 15 км/сағ дейін, ал басқада модельдері 40 км/сағ., моно дөңгелек – жылдамдығы 10-80 км/сағ., сегвей – жылдамдығы 50 км/сағ., гироскутерлер – жылдамдығы 15 км/сағ. дейін барады. Болашақта бұл аталған ШЭКҚ-ның түрлері жаңарып, көшелерімізде пайда болу-болмауына кім кепіл береді.

Мәселен, К.А. Петров пен В.В. Сидоров бұл көлік құралдарын қуаты аз көліктерге жатқызады [2]. С.Е. Лавров гироскутерлерді, сегвейлерді, моно дөңгелектерді, электр самокаттарды жеке көлік құралы ретінде анықтайды [3]. Ю.В. Мишина оларды жеке ұтқырлық құралдары деп атайды [4]. А.А. Затолокин, О.И. Вислогубова осы құралдарға заманауи техникалық көлік құралы тұжырымдамасын бекітуді ұсынады [5]. Жоғарыда аталған пікірлермен, олардың

дәлелділігі мен негізділігіне байланысты келіспеу мүмкін емес.

Сондай-ақ жаңа көліктердің қай санатқа жататындығы туралы әртүрлі түсініктерге сүйенсек, мысалы, Финляндияда микромобильді көліктер жаяу жүргіншілер санатына жатады (егер көлік 15 км/сағ-тан жоғары жылдамдықты дамытпаса). Чехия, Дания, Норвегия және Польшада олар велосипед санатына жатады. Швейцарияда, Португалияда және Швецияда олар жеңіл мопедтерге жатқызылды, ал Австрия, Бельгия, Германия және Испанияда жаңа санат құрылды [6].

Ресейдің жол жүрісі ережесіне сәйкес «Жеке ұтқырлық құралы» ұғымымен бекітілген, яғни қозғалтқышты (қозғалтқыштарды) пайдалану арқылы адамның жеке қозғалуына арналған бір немесе бірнеше дөңгелегі (роликтері) бар көлік құралы (электр самокаттар, электр скейтбордтар, гироскутерлер, сигвейлер, монодөңгелектер және өзге де ұқсас құралдар) болып табылады⁴.

Францияда электр самокаттар, моноколдар, гироподтар, ховербордтар және т.б. «Жеке моторлы жүріп-тұру құралдары» ұғымымен бекітілген, алайда ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бұл көлікке тыйым салынған⁵.

Эстонияда да аталған шағын электр көлік құралдарын «Жеңіл жеке жүріп-тұру құралы» ұғымымен бекітілгенін атап өтуге болады⁶.

Демек, электр самокаттардың ШЭКҚ-нан ұқсас режимдерінің болуына байланысты бір атаумен қамтып алған. Сондықтан объект – жол, субъект – ШЭКҚ қағидатын ұстана отырып, «Шағын электр көлік құралдары» ұғымын бекіткеніміз дұрыс деп санаймыз.

2. Келесі мәселе – «Жол жүрісі туралы» ҚР заңының 57-бабының редакциясына электр самокаттар мен шағын электр көлік құралдары жүргізушілерінің құқықтары мен

³ Жол жүрісі туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2014 ж. 17 сәуірдегі №194-V [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000194> (жүгінген күні: 28.09.2023).

⁴ Правила дорожного движения Российской Федерации: постановление Правительства Российской Федерации от 23 окт. 1993 г. №1090 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://online.consultant.ru/riv/cgi/online.cgi?from=391769-208&req=doc&rnd=WsybqQ&base=LAW&n=448809#nTnM9rTBviRLTZu6> (дата обращения: 28.09.2023).

⁵ Францияда самокаттарды электрлі велосипедтер алмастырады / Қазақстан [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://qazaqstan.tv/news/180519/> (жүгінген күні: 28.09.2023).

⁶ Передвижение на электросамокатах будет регулировать закон / Delfi [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://rus.delfi.ee/statja/87920673/peredvizhenie-na-elektrosamokatah-budet-regulirovat-zakon/> (дата обращения: 28.09.2023).



міндеттерін енгізуге қатысты⁷.

Электр самокаттардың жүргізушілеріне қатысты жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен, электр самокаттардың жүргізушілерімен жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылданды: он сегіз жастан бастап, жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігімен не көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлікпен, түймеленген дулығамен, тәуліктің қараңғы уақытында белгілі бір жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес келетін жарықты шағылыстыратын заттармен жүру керек.

18 жасқа дейінгі электр самокаттарының жүргізушілеріне велосипед жолымен, велосипед жолағымен, ал олар болмаған кезде тротуардың немесе жаяу жүргіншілер жолының оң жағымен жаяу жүргіншілердің қозғалысына қауіп төндірмей, 6 км/сағ. аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етілді.

ШЭҚК жүргізушілеріне велосипед жолымен, велосипед жолағымен, ал ол болмаған кезде жаяу жүргіншілер қозғалысына қауіп төндірмей, тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге рұқсат етілді.

Аталған толықтыруларға қатысты пікіріміз бен ұсыныстарымызға тоқталсақ. Электр самокаттар ортақ жолдарға бейімделмеген (біздің жолдар толығымен дайын емес). Жолға шығу үшін электр самокаттар техникалық та және ұйымдастырушылық тұрғыдан да бейімделмеген. Кез келген санаттағы жүргізуші куәліктерінің болуы самокаттарды жүргізу ережелері мен техникасын білуді білдірмейді. Самокаттардың ұтқырлығы оларды уәкілетті органдардың

бақылауына мүмкіндік бермейді. Сондықтан барлық самокат жүргізушілерін 18 жасынан бастап жолға шығару қауіпті немесе 18 жастан бастап самокатқа құқықтарды тапсыруды енгізу туралы балама ұсыныс енгізілуі керек. Көлік жүргізу құқығын тапсыруға ресми рұқсат беріп және оларды электр самокаттарға тапсыру стандарттарын өзірлеу ұсынылады. Сонда ғана жолдың жүріс бөлігіне шығуға рұқсат етілуі керек деп санаймыз.

Алматы қаласы полиция департаментінің ресми деректері бойынша 2021 жылдың 6 айында 22 мотоциклдің, 83 мопедтің, 32 электросамокаттың және 4 скутердің қатысуымен 47 ЖКО орын алған. Бұл ретте мопедтер осы тізімде көш бастап тұр. Көліктің осы түрінің қатысуымен болған апаттарда ең көп зардап шеккендері 89-ды құрады, екі адам қайтыс болды. Осы апат статистикасындағы екінші орында мопедтер мен электросамокаттар тұр⁸. Мәселен, 2022 жылдың маусым айында Алматы қаласында самокат мінген қыз тұрақта тұрған көлік есігіне соғылып электр самокатын басқарған жас әйел қайтыс болды⁹.

2021 жылғы 11 маусымда Ішкі істер министрі Е. Тұрғымбаев халық алдындағы есептік кездесуінде Қазақстандағы электр самокаттарын жүйелеу туралы сұраққа: «Бұл, бәлкім, біздің еліміз үшін ғана емес, іс жүзінде барлық елдер үшін ең проблемалық мәселе», – деп жауап берді¹⁰.

Тротуарда 6 км/сағ. тұрақты жылдамдыққа қойылатын талаптар велосипедке, ШЭҚК-ға қатысты ұсынылмаған, алайда олар салмағы және орташа жылдамдығы (15км/сағ.) бойынша ұқсайды. Сондай-ақ мынадай сұрақ туындайды: 6 км/сағ. жоғары электр самокаттарының жылдамдық режимін бақылауды кім жүзеге асырады? «Сергек» жүйесімен бе, әлде жол полициясы қызметкерлерімен немесе азаматтардың өздерімен бе? Жылдамдықты арттырғаны үшін жауапкершілік қандай? Өте төмен

⁷ Жол жүрісі туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2014 ж. 17 сәуірдегі №194-V [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000194> (жүгінген күні: 28.09.2023).

⁸ Ю. Миленькая. Владелец мопедов и электросамокатов называют «камикадзе» [Электронный ресурс] // 3 августа 2021. – Режим доступа: <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/vladelcev-mopedov-i-elektrosamokatov-nazivaut-komikadze> (дата обращения: 31.10.2023).

⁹ Алматыда самокат мінген қыз тұрақта тұрған көлік есігіне соғылып, мерт болды [Электрондық ресурс] // Stan.kz. – Айналыс режимі: <https://stan.kz/zhas-kiz-mert-bolgan-almatida-skuter-men-moped-katiskan-367987/> (жүгінген күні: 31.10.2023).

¹⁰ Если управляющий электросамокатом стал участником ДТП. Изучаем законодательство [Электронный ресурс] // Baigenews. – Режим доступа: https://baigenews.kz/news/nuzhno_li_registirovat_elektrosamokat/ (дата обращения: 31.10.2023).



жылдамдық құлау қаупінің және басқарудың жоғалуына әкелуі мүмкін, әсіресе тегіс емес беттерде. Егер пайдаланушы итермесе және 6 км/сағ. жоғары жылдамдыққа жетпесе, бірқатар самокаттар жүре алмайды. Ұқсас жылдамдықты қолдайтын модельдерде тепе-теңдіктің күрделілігіне байланысты мұндай жылдамдықты ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкін емес. Осылайша, бос тротуарда біз самокат пайдаланушысының денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреміз.

3. Заңға «жаяу жүргінші» және «механикалық көлік құралы» ұғымдарына электр самокаттар мен ШЭҚҚ ұғымын енгізді. Осыған сәйкес жаңа ұғымдарының енгізілуіне байланысты «велосипед жолы» мен «велосипед жүретін жолақ» ұғымдарына да тиісті редакциялық түзетулер енгізген жөн.

Сонымен қатар шерингтік компаниялардың, ҚР ІІМ және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен бірлесіп үлгілік қағидаларды әзірлеу ұсынылады. Аталған

ережелерде шерингтік компаниялардың міндеттерін қарастыру қажет. Мысалы: нашар көріну жағдайында (тұман, жаңбырлы ауа-райы) электр самокаттарды пайдалануға шектеу қоюды қамтамасыз ету, жалға алу аяқталғаннан кейін электр самокаттарды жинауақытынқысқарту, жалға алу орындарын пайдалану ережесі және т.б. ЖКО және азаматтардың шағымдары кезінде жеделден қою үшін шерингтік компаниялардың бірыңғай колл-орталығының тәулік бойы жұмысын қамтамасыз ету.

Қорытынды. Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылай келе жол жүрісі ережесін қолдануды оңтайландыру мақсатында «шағын электр көлік құралы» мен «электр самокаты» ұғымдарын біріктіруді, сонымен қатар самокат пайдаланушысының денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмес үшін жолдың оң жақ жиегіне шығару мәселесін қайта қарастыруды ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Kazemzadeh, K. Electric scooter safety: An integrative review of evidence from transport and medical research domains [Electronic resource] / K. Kazemzadeh, M. Haghani, F. Sprei // Sustainable, Cities and Society. – №89. – 2023. – Access mode: https://research.chalmers.se/publication/533515/file/533515_Fulltext.pdf (Access data: 28.09.2023).
2. Петров, К.А. Вопросы, связанные с отношением гироскутеров, сигвеев, моноциклов и электросамокатов к категории транспортных средств / К.А. Петров, В.В. Сидоров // Актуальные проблемы расследования преступлений: междисциплинарный подход: сб. трудов конф. – Калининград, 2019. – С. 89-93.
3. Лавров, С.Е. Проблемы развития улично-дорожной сети города с учетом нетрадиционных видов транспорта / С.Е. Лавров // Традиции и инновации в строительстве и архитектуре: сб. ст. 77-ой Всероссийской научно-технич. конф. – Самара, 2020. – С. 157-161.
4. Мишина, Ю.В. Проблемы определения административно-правового статуса лиц, использующих для передвижения электросамокаты, сигвеи и иные современные технические средства / Ю.В. Мишина // Проблемы экономики и юридической практики. – 2020. – №4. – С. 321-325.
5. Затолокин, А.А. Проблема правового регулирования государственного контроля за управлением гироскутером (сигвеем), электросамокатом / А.А. Затолокин, О.И. Вислогубова // Современное состояние и перспективы обеспечения безопасности дорожного движения: теория и практика: сб. материалов Всероссийской научно-практ. конф. – Орел, 2018. – С. 57-60.
6. Buongiorno, L. Slow and Steady Wins the Race: A Comparative Analysis of Standing Electric Scooters' European Regulations Integrated with the Aspect of Forensic Traumatology [Electronic resource] / L. Buongiorno, et al. // Sustainability. – 2022. – №14(10). – 6160. – Access mode: <https://doi.org/10.3390/su14106160> (Access data: 31.10.2023).

References:

1. Kazemzadeh, K. Electric scooter safety: An integrative review of evidence from transport and



medical research domains [Electronic resource] / K. Kazemzadeh, M. Haghani, F. Sprei // Sustainable, Cities and Society. – №89. – 2023. – Access mode: https://research.chalmers.se/publication/533515/file/533515_Fulltext.pdf (Access data: 28.09.2023).

2. Petrov, K.A. Voprosy, svyazannye s otneseniem giroskuterov, sigveev, monociklov i jelektrosamokatov k kategorii transportnyh sredstv / K.A. Petrov, V.V. Sidorov // Aktual'nye problemy rassledovaniya prestuplenij: mezhdisciplinarnyj podhod: sb. trudov konf. – Kaliningrad, 2019. – S. 89-93.

3. Lavrov, S.E. Problemy razvitija ulichno-dorozhnoj seti goroda s uchetom netradicionnyh vidov transporta / S.E. Lavrov // Tradicii i innovacii v stroitel'stve i arhitekture: sb. st. 77-oj Vserossijskoj nauchno-tehnich. konf. – Samara, 2020. – S. 157-161.

4. Mishina, Ju.V. Problemy opredelenija administrativno-pravovogo statusa lic, ispol'zujushhih dlja peredvizhenija jelektrosamokaty, sigvei i inye sovremennye tehniicheskie sredstva / Ju.V. Mishina // Problemy jekonomiki i juridicheskoy praktiki. – 2020. – №4. – S. 321-325.

5. Zatolokin, A.A. Problema pravovogo regulirovaniya gosudarstvennogo kontrolja za upravleniem giroskuterom (sigveem), jelektrosamokatom / A.A. Zatolokin, O.I. Vislogubova // Sovremennoe sostojanie i perspektivy obespechenija bezopasnosti dorozhnogo dvizhenija: teorija i praktika: sb. materialov Vserossijskoj nauchno-prakt. konf. – Orjol, 2018. – S. 57-60.

6. Buongiorno, L. Slow and Steady Wins the Race: A Comparative Analysis of Standing Electric Scooters' European Regulations Integrated with the Aspect of Forensic Traumatology [Electronic resource] / L. Buongiorno, et al. // Sustainability. – 2022. – №14(10). – 6160. – Access mode: <https://doi.org/10.3390/su14106160> (Access data: 31.10.2023).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Нұржан Сәулен – Парламентаризм институты жария заңнама және мемлекеттік басқару орталығының бас маманы, философия докторы (PhD), e-mail: nuri_saulen@mail.ru.

Саулен Нуржан – главный специалист Центра публичного законодательства и государственного управления Института парламентаризма, доктор философии (PhD), e-mail: nuri_saulen@mail.ru.

Saulen Nurzhan – Chief Specialist of the center for Public Legislation and Public Administration of the Institute of Parliamentarism, PhD, e-mail: nuri_saulen@mail.ru.

Нұртай Қонысбайұлы Иманғалиев – Парламентаризм институты сот жүйесі және құқық қорғау органдары орталығының бас маманы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, e-mail: nurtai_0101@mail.ru.

Иманғалиев Нуртай Қонысбаевич – главный специалист Центра судебной системы и правоохранительных органов Института парламентаризма, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, e-mail: nurtai_0101@mail.ru.

Imangaliyev Nurtai Konysbaevich – Chief Specialist of the Center for Judicial System and Law Enforcement Agencies of the Institute of Parliamentarism, Candidate of Law, Associate Professor, e-mail: nurtai_0101@mail.ru.



АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ /
ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО /
CIVIL AND CIVIL PROCEDURE LAW

ӘОЖ 347.5
МҒТАР 10.27.65

Ә.Қ. Қайшатаева, Е.М. Айтқазин
Alikhan Bukeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ¹

Аннотация. Қазақстан Республикасында медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізу және тиісті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау жоспарлануда.

Мақалада шет елдердегі дәрігерлер мен басқа да медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тетіктеріне шолу жасалынып, оларды Қазақстанда енгізу мүмкіндігі талқыланған.

Зерттеудің мақсаты медициналық көмектің сапасын арттыруға, медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақы төлеуге кепілдік болатын жүйені ұсыну бойынша шетелдік тәжірибені қолдану мүмкіндіктерін талдау болып табылады.

Жүргізілген зерттеулерге шолу негізінде авторлар сақтандырудың бұл түрі бүгінгі күні науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады, бұл Қазақстан Республикасы үшін сөзсіз қажет және уақытылы деген қорытындыға келеді.

Бұл механизмнің басты артықшылықтары ретінде авторлар науқасқа келтірілген залал үшін өтемақыға кепілдік берілетінін және нақты төлем механизмі қалыптасатынын, сонымен қатар медицина қызметкері мен денсаулық сақтау ұйымының келтірілген залал үшін ортақ жауапкершілігінің бекітілуіне қол жеткізілетінін атап көрсетеді.

Түйінді сөздер: медицина қызметкері; медициналық мекеме; науқас; сақтандыру; кәсіби жауапкершілікті сақтандыру; кәсіби жауапкершілік; өтемақы; медициналық қызмет.

А.К. Кайшатаева, Е.М. Айтқазин
Alikhan Bukeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан

АКТУАЛЬНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ СИСТЕМЫ СТРАХОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В Республике Казахстан планируется введение системы страхования профессиональной ответственности медицинских работников и принятие соответствующих нормативно-правовых актов.

В статье проведен обзор механизмов страхования профессиональной ответственности врачей и других медицинских работников за рубежом и обсуждена возможность их внедрения в Казахстане.

Целью исследования является допустимость применения иностранного опыта по представлению системы, гарантирующей выплату компенсации за причиненный больному вред, что обеспечит повышение качества медицинской помощи и правовую защиту медицинских работников.

На основе обзора проведенных исследований, авторы пришли к выводу, что данный вид страхования на сегодняшний день является одним из наиболее эффективных средств защиты прав больных и медицинских работников, что, безусловно, необходимо и своевременно для Республики Казахстан.

В качестве главных достоинств этого механизма авторы подчеркивают тот факт, что за причиненный больному ущерб гарантируется компенсация и формируется четкий механизм оплаты и достигается закрепление солидарной ответственности медицинского работника и организации здравоохранения за

¹ Мақала АР 19674495 «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі құқықтық жауапкершілік тетіктерінің тиімділігі: ұлттық басымдықтар және халықаралық стандарттар» гранттық ғылыми жоба аясында дайындалды.



причиненный ущерб.

Ключевые слова: медицинский работник; медицинское учреждение; пациент; страхование; страхование профессиональной ответственности; профессиональная ответственность; компенсация; медицинская деятельность.

A.K. Kaishatayeva, Y.M. Aitkazin

Alikhan Bokeikhan University, Semey c., the Republic of Kazakhstan

THE RELEVANCE OF THE INTRODUCING A SYSTEM OF INSURANCE OF PROFESSIONAL ACCOUNTABILITY OF MEDICAL STAFF IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. It is planned to introduce a system of professional liability insurance for medical workers and the adoption of appropriate regulatory legal acts in the Republic of Kazakhstan.

The article reviews the mechanisms of professional accountability insurance of doctors and other medical staff abroad and discusses the possibility of their implementation in Kazakhstan.

The purpose of the study is the permissibility of using foreign experience to present a system that guarantees compensation for the harm caused to the patient, which will ensure an improvement in the quality of medical care and legal protection of medical workers.

Based on the review of the conducted studies, the authors came to the conclusion that this type of insurance is currently one of the most effective means of protecting the rights of patients and medical workers, which is certainly necessary and timely for the Republic of Kazakhstan.

As the main advantages of this mechanism, the authors emphasize the fact that compensation is guaranteed for the damage caused to the patient and a clear payment mechanism is formed and the consolidation of joint responsibility of the medical worker and the health organization for the damage caused is achieved.

Keywords: a medical worker/staff; medical institution; patient; insurance; professional liability insurance; professional accountability; compensation; medical activity.

DOI: 10.52425/25187252_2023_30_24

Кіріспе. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап медицина өз жетістігінің құрбаны болды. Медициналық технологиялардың үлкен жетістіктері оған деген қоғамдағы қызығушылықты арттырып, көпшілік әрдайым жаңашылдықтар күтті. Денсаулық мәселелерімен күресуге қатысты ең жаңа әдістер мен жоғары нәтижелер аясында және ақпараттық технологиялардың қарқынды даму дәуірінде медициналық қателіктер немесе сапасыз қызмет көрсету туралы ақпараттар өте жылдам тарап, қоғамда жағымсыз реакциялар тудыра бастады. Медицина қызметкерлеріне деген талаптар артты [1].

Тәуекелге баратын жағдайлардың көп болуына байланысты медициналық қызмет ең қауіптілердің қатарына жатады, бұл, ең алдымен, медициналық қателік жіберілген жағдайда адам өміріне қауіп төнуінен көрінеді. Осы тұрғыдан кәсіби жауапкершілікті сақтандыру жүйесі медицина қызметкерлерін

қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі деуге негіз бар. Медицинасы жоғары дамыған әлемнің біраз елдерінде бұл жүйені қолдану міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасында да ағымдағы жылы тиісті заң қабылданғаннан кейін медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің енгізілуі жоспарлануда. Бұл шара науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге септігін тигізіп, медицина мамандығына деген құрметті көтеріп, сала қызметкерлерінің беделін арттыруға, сондай-ақ жас буынды денсаулық сақтау саласына тартуға көмегін тигізуі тиіс деп болжануда.

Заң жобасы ұзақ уақыт бойы талқыланып келеді және 2023 жылы жоспарланғанына қарамастан әлі қабылданған жоқ. Кәсіби жауапкершілікті сақтандырудың механизміне қатысты сұрақтар бар.

Кез келген мемлекетте кәсіби



жауапкершілікті сақтандыру секілді құралды енгізу елде қалыптасқан қолданыстағы құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен тығыз байланысты және оларды ескеру міндетті талаптардың бірі болып табылады. Қазақстанда мұндай сақтандыру түрін енгізу қажеттілігі қоғамда белсенді талқылануда, тиісінше, тақырып біраз жылдар бойы өзінің өзектілігін жоймай келеді. Сондықтан да, қазіргі уақытта зерттеу тақырыбына деген ғылыми қызығушылық жоғары.

Осы зерттеудің мақсаты шет елдердегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру технологияларын зерттеу, үздік тәжірибелерді елімізде қолдану мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Түпкі мақсат науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақының төленуіне кепіл болатын, медициналық көмектің сапасын арттыруға және медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуына кепіл беретін жүйені ұсыну.

Әдістер мен материалдар. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тақырыбын зерттеу бағытындағы отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынып, елдердегі қалыптасқан сақтандыру жүйелеріне теориялық және жүйелік талдау әдістері пайдаланыла отырып зерттелді. Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерін талдау үшін аналитикалық әдіс қолданылды.

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі мен денсаулық сақтау қызметін реттейтін өзге де нормативтік актілер қолданылып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мен «Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы терең талданды.

Талқылау. Бүгінгі күнде науқастарға келтірілген зиянды өтеу жағдайы еліміздегі осы бағыттағы жалпы тәртіппен реттеледі. Айталық, ота барысында хирургтың немесе анестезиологтың қателіктерінен зардап шеккен адамға «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 77-бабы 12) тармағында азаматтық құқық көздейтін жалпы тәртіппен қорғалу ұсынылған². Бұл тәртіп өз кезегінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабымен регламенттеледі³.

Статистикалық деректерге сүйенсек Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік және қылмыстық істердің саны азаймай келеді. Бұған келесі факторлар әсер етуде:

1. «Науқас-дәрігер» қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық база жеткілікті деңгейде пысықталмаған.

2. Медицина қызметкерлерінің өз құқықтық қорғау мәселелерінде нашар хабардарлығы.

3. Медициналық ұйым басшылығының оқиға себептерін анықтауға, оған терең талдау жүргізуге және құқық қорғау органдарына жүгінуге мүдделі болмауы.

4. «Медициналық қателік» терминінің заңды анықтамасының болмауы.

5. Кәсіподақтар мен медициналық қоғамдық ұйымдардың әлсіз жұмысы.

6. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қорының болмауы [2].

Соңғы жылдары дамыған елдердің денсаулық сақтау жүйелерінің мол тәжірибесін қабылдай отырып, біздің мемлекетіміз денсаулық сақтау жүйесін дамыту шеңберінде медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған түрлі реформалар жүргізіп келеді. Медициналық қызмет сапасының басты көрсеткіштері ретінде науқастардың қауіпсіздігі мен медицина қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы қарастырылуда.

² Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: Қазақстан Республикасының 2020 ж. 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (жүгінген күні: 14.08.2023).

³ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 ж. 27 желтоқсандағы №268-XIII [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгінген күні: 15.08.2023).



Осы орайда, 2022 жылы медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тұжырымдамасын елімізде енгізуді Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният ұсынған болатын⁴. Науқасқа келтірілген зиян үшін өтемақы төлеуді Денсаулық сақтау министрлігі айқындаған жағдайлар бойынша сақтандыру компаниясы жүргізетін болады. Төлемнен бас тартқан немесе мөлшеріне қанағаттанбаған жағдайда науқас сотқа жүгінуге құқылы. Сақтандыру жарнасының мөлшері тәуекел дәрежесіне байланысты бекітілген актуарлық есептеулер негізінде медицина қызметкерінің жауапкершілік дәрежесін ескере отырып айқындалатын болады.

Денсаулық сақтау министрлігінің пікірінше, мұндай тәсіл көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді және тұтастай алғанда республиканың халықаралық аренадағы денсаулық сақтау рейтингіне жағымды әсер ететін болады.

Осыған орай, Денсаулық сақтау министрлігі Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру ережесін әзірлеп үлгерді. Ережеге сәйкес медицина қызметкерінің медициналық қызметті кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқығы болмайды.

Сақтандыру жүйесін енгізудің бастапқы кезеңінде сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін анықтау ұсынылады: науқастың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және: өлімге – 1000 АЕК; мүгедектікті белгілеу: бірінші топ – 800 АЕК; екінші топ – 600 АЕК; үшінші топ – 500 АЕК; «мүгедек бала» – 500 АЕК; мүгедектік белгіленбей мертігу немесе жарақат алу немесе денсаулыққа өзге де зақым келтіру – нақты шығыстар мөлшерінде, науқасты амбулаториялық немесе стационарлық емдеу – 300 АЕК.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби

жауапкершілігін сақтандыру шарты жыл сайын жасалатын болады. Құжат сақтандыру төлемі түскен күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады, ал оны бөліп төлеген жағдайда – сақтандырушының банктік шотына бірінші сақтандыру жарнасы түскен кезден бастап қолданысқа енеді⁵.

Министр халықаралық тәжірибеге сүйене отырып және қазақстандық қоғамның дамуын ескере келе, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың оңтайлы тетігі ретінде АҚШ, Германия, Жапония және Түркия модельдері бойынша сақтандырудың бейімделген нарықтық моделін ұсынады⁶.

Жүйенің басты міндеті – науқас денсаулығына келтірілген залал үшін медицина қызметкері мен медициналық мекеменің ортақ жауапкершілігін бекіту болып табылады. Отандық ғалымдардың пікірінше міндетті кәсіби жауапкершілікті сақтандыруды енгізу, әсіресе, денсаулық сақтау мамандары үшін маңызды, себебі ол медициналық көмек көрсетуде келтірілген залал жағдайында оны өтеу кепілдігін қамтамасыз етеді, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттырады, жанжал деңгейін төмендетеді, науқасқа келтірілген залал үшін өтемақы кепілдендірілген болады және құқықтық қақтығысты шешудің нақты механизмі бекітіледі [3].

Дегенмен, қаржыландырудың жеткіліксіздігі жағдайында жауапкершілік қаупінің артуына қарамастан, отандық клиникалар өз мүдделерін қорғау үшін сақтандыру құралдарын пайдаланғысы келмейді. Қарсылықтың себебі де түсінікті. Мәселен, медицинадағы абайсызда жіберілген қатенің құны өте жоғары, егер оған жол берілсе медицина қызметкері мен ол жұмыс істейтін ұйым қолданыстағы заңнама шеңберінде әртүрлі жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Ал жаңадан қабылданып жатқан жүйе жауапкершілік құнын аталған тараптар

⁴ В Мажилісе Парламента законопроект о страховании профответственности медработников принят в первом чтении / Министерство здравоохранения Республики Казахстан [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/479118?lang=ru> (дата обращения: 20.08.2023).

⁵ «Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігімен әзірленген бұйрық жобасы / «Ашық НҚА» порталы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14462379> (жүгінген күні: 20.08.2023).

⁶ Документ по страхованию профответственности медработников одобрили в Мажилісе / Международное информационное агентство «Казинформ» [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/dokument-po-strahovaniyu-profotvetstvennosti-medrabotnikov-odobrili-v-mazhilise_a4015205 (дата обращения: 20.08.2023).



арасында тең бөлуді көздейді.

Сонымен қатар аталған сақтандыру түріне деген қоғам тарапынан сенімсіздік те байқалады. Бұл әрине қарсылық емес, бірақ қоғамда жүйе оң нәтижелі болады дегенге күмән бар. Мұндай пікірдің болуының бір себебі осыған дейін енгізілген міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің қызметіндегі кемшіліктер болуы мүмкін [4]. Ондай кемшіліктердің бар екендігі туралы және жалпы медициналық қызметтің сапасына байланысты сұрақтардың күрделі екендігін еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаев та өз жолдауында атап өткен болатын. Мемлекет басшысының пікірінше сақтандыру моделі тұрақсыз, әрі жүйесіз дамуда және бұл үлкен олқылық⁷.

Медициналық мекемелердің қызметі адам өмірін күнделікті құтқарумен байланысты болғандықтан әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейіне жатады. Байқаусызда жіберілген қатенің құны өте жоғары, егер оған жол берілсе, медицина қызметкері мен ол жұмыс істейтін ұйым қолданыстағы заңнама шеңберінде әртүрлі жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Науқас немесе оның туыстары медициналық мекемеге талап қойып, ол қанағаттандырылған жағдайда оны өтеу медицина қызметкеріне өте ауыр тиюі мүмкін. Тәжірибеде ондай жағдайлар кездесіп тұрады. Сондықтан да, өзін жағымсыз салдардан қорғау үшін дәрігердің кәсіби медициналық жауапкершілігіне байланысты күтпеген шығындарды жабатын қосымша қаржыландыру көздері болуы тиіс [5].

Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізудегі басты кедергі болып отырған мәселелердің бірі де осында жатыр. Елімізде денсаулық сақтау саласын қаржыландыру тұрақты болғанымен ол дамыған елдерден қарағанда 3-4 есе аз [6]. Әрине, бұл көрсеткіштер мемлекет есебінен қаржыландырылатын медициналық ұйымдардарға қатысты, ал жеке сектордағы

жағдай жақсырақ деуге болады. Елімізде жыл сайын жеке клиникалардың саны артып келеді. Олар мемлекеттік тапсырысты орындауда тең қолжетімді мүмкіндік ала отырып, заңдық та, стратегиялық та жеткілікті қолдауға ие.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметінше Қазақстанда 700-ден астам жеке клиникалар Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) қызметтерін көрсетеді. Қор 2022 жылы 1389 медициналық ұйыммен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасқан, оның жартысынан көбі – жеке меншік ұйымдар. Өткен жылы халыққа медициналық қызметтерді қаржыландыруға 2 трлн теңге қарастырылса, мұның ішінде МӘМС жүйесінде 838 млрд теңге қарастырылған. Қажетті медициналық қызметті алу үшін қормен осы қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан клиникалардың кез келгенін таңдауға болады. Қор өнім берушілерінің арасында жеке клиникалар үлесі басым, олардың саны – 717 медициналық ұйым. Бұл қордың барлық өнім берушілерінің 50%-дан астамы⁸.

Қазіргі уақытта, жалпы әлемдік тәжірибеде науқастың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу мәселесін шешудің негізгі екі тәсілі бар. Олардың біріншісі бойынша – зардап шеккен адам медициналық қызметкердің кінәсі болған жағдайда ғана өтемақы алуға құқылы. Мұндай жүйе әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания және Ресейде қолданылады. Мұндай тәсіл дәрігер мен оның ұйымының кінәсі заңды түрде дәлелденбеген жағдайда өтемақы төлеуден бас тарту мүмкіндігін қарастырады. Сондай-ақ бірқатар елдерде (Швеция, Австралия, Финляндия, Дания) сақтанушының кінәсі болмаған жағдайда да зиян келгені үшін жауапкершілікті сақтандыру жүйесі жұмыс істейді. Мұндай схема зардап шеккендерге дәрігердің кінәсін дәлелдеусіз

⁷ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (жүгінген күні: 22.08.2023).

⁸ 700-ден астам жеке клиникалар ТМККК және МӘМС қызметтерін көрсетеді / «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының баспасөз орталығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://fms.kz/kz/press-center/press-releizy/36648/> (жүгінген күні: 25.08.2023).



де өтемақы алуға мүмкіндік береді. Бірақ көп жағдайда мұндай өтемақылардың мөлшері заңмен шектеледі және бұл өз кезегінде сақтандыру құнын едәуір төмендетуге мүмкіндік береді [7].

Жекелеген елдердің сәтті тәжірибелері елімізде аталған жүйені енгізу мүмкіндіктерін қарастыруға негіз болып отыр. Бұл процесс елімізде қалыптасқан қолданыстағы құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асуы тиіс және мемлекеттердегі құқықтық базалар терең зерттелуі қажет. Сондықтан да осы зерттеу барысында әлемдегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйелерінің бірнеше үздік тәжірибелеріне шолу жасауды жөн көрдік.

АҚШ. Медициналық жауапкершілікті сақтандыру тұрғысынан АҚШ нарығы ең дамығандардың қатарына жатады. Ортақ мемлекеттік заң жоқ, әр штатта жалпы ортақ қағидаларға негізделген ережелер бекітілген. Сақтандыру негізінен жеке коммерциялық сақтандыру қорлары арқылы жүргізіледі. Бұл процеске үлкен акционерлік капиталы және айтарлықтай сақтандыру резервтері бар ірі сақтандыру компаниялары қатысады. Алайда, сонымен қатар дәрігер сақтандыру полисін Біріккен сақтандыру қауымдастығы түрінде құрылған арнайы мемлекеттік сақтандыру қорларынан да ала алады. Ондай сақтандыру қызметкер үшін арзанға түсуі мүмкін. Елде дәрігердің тұрғылықты жеріне немесе оның мамандығына қарамастан медициналық кәсіби жауапкершілікті сақтандыру операцияларының әр алуан түрлері жүзеге асырылады.

АҚШ медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің артықшылықтары ретінде келесілерді атауға болады:

1. АҚШ-та дәрігер мамандығы жоғары беделге ие және медицина қызметкеріне төленетін жалақы мөлшері жоғары деңгейде. Сондықтан да әрбір қызметкер сақтандыруға байланысты шығындарды қиындықсыз көтере алады.

2. Тағы бір ғылыми қызығушылық тудыратын ерекшелік – ортақ жауапкершілік деңгейінің жоғары болуы. АҚШ-та дәрігерлер ғана емес, сонымен қатар медициналық

ұйымдар да заңды тұлғалар ретінде өздерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыруды әдетті тәжірибеге айналдырған. Жұмыс берушілер ретінде олар заң бойынша өз қызметкерлерінің немқұрайлылығы үшін жауап береді. Ауруханалар кейде медбикенің немесе штаттық дәрігердің немқұрайлылығы туралы сот процестерінде жауапкер ретінде қатысатын кездер болады. Ауруханалар көбінесе өздерін қорғаумен қатар өз жұмысшыларының атынан қорғауды жүзеге асырады және талапкер жеңген жағдайда өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3. АҚШ-та «медициналық қателік» пен «немқұрайлылық» арасындағы айырмашылық ажыратылмайды. Мұнда медицина қызметкерлеріне «соңғысының зиян немесе зиян келтірмеуі үшін басқа адамдарға қатысты сақтықты» сақтаудағы жалпы талап маңызды болып табылады. Шағымдар мен сот істерін қарау кезінде «көмек стандарты» ұғымы әрбір нақты жағдай үшін жеке айқындалады.

4. Тағы бір маңызды айырмашылық – бұл істі сотта қарау кезінде талапкер абайсыздықтың келесі төрт белгісінің болуын дәлелдеуі керек, онсыз ол сақтандыру төлемін ала алмайды:

1) Дәрігер науқасқа қатысты сақтық талаптарын сақтауға ресми міндетті болуы.

2) Дәрігер өз міндетін науқасты диагностикалау мен емдеуге қатысты кәсіби стандартты бұза отырып орындағаны анықталып, осылайша кәсіби немқұрайлылыққа жол берілуі тиіс.

3) Науқастың денсаулығына шынымен зиян келуі тиіс.

4) Науқастың денсаулығына келтірілген зиян дәрігердің өз міндеттерін орындамауының (немқұрайлылығының) тікелей салдары болуы міндетті [8].

Ал американдық денсаулық сақтау жүйесінің кемшілігі ретінде қызметкердің жоғары құнын атауға болады. Оның себептері медицина қызметкерінің науқасқа зиян келтіретін және кейіннен талап қоюға әкелетін кәсіби қателік жасау қорқынышында жатыр. Тиімді, бірақ қауіпті емдеуді (мысалы, хирургиялық араласу) тағайындаудың орнына дәрігерлер қосымша диагностикалық



процедураларды немесе консервативті емдеу әдістерін жасауға бейім. Бұл әрине қолданыстағы емдеу стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады және аз қауіпті, бірақ тиімділігі төмен және қымбаттырақ болады. Бұл тактика «қорғаныс медицинасы» (defensive medicine) деп аталып кеткен және зерттеушілердің бағалауы бойынша американдық денсаулық сақтау жүйесіндегі барлық қызметтердің төрттен бір бөлігі осы «қорғаныс медицинасы» шеңберіндегі әрекеттерден туындайды. Мұның барлығы медициналық қызметтердің тым жоғары құнына әкелуде [7].

Түркия Республикасы. 2003 жылы «Денсаулық сақтауды қайта құру» бағдарламасының қабылдануымен Түркия медицинасының жаңа кезеңі басталды деуге болады. Жалпы бұл елдің медицинасы бүгінгі күндері жоғары деңгейде және мемлекеттегі медициналық жауапкершілікті сақтандыру жүйесі де тиімді жұмыс істеуде.

Елде дәрігерлер мемлекеттік немесе жеке денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істеуіне қарамастан, заң бойынша медициналық қателіктер үшін жауапкершілікті сақтандыруы міндетті талап болып табылады. Үкімет мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істейтін дәрігерлердің барлық сыйақы шығындарының жартысын төлейді. Сақтандыру полисінің нақты құны мамандықтың саласына (мысалы, пластикалық және эстетикалық хирургия, шұғыл медициналық көмек, хирургиялық онкология, кардиохирургия, ми хирургиясы, анестезиолог, гинеколог, неонатолог және т.б.) және кәсіби мәртебесіне (мысалы, жалпы тәжірибелік дәрігер) байланысты. Сонымен қатар дәрігерлердің сақтандыру сыйақыларының мөлшері олардың қолайсыз оқиғаларының тарихы мен тәжірибе көлеміне де байланысты [9].

Науқас өзіне келтірілген зиянның өтемақысын сақтандыру компаниясына жауапкер ретінде тікелей талап қою арқылы немесе сотқа жүгіну арқылы ала алады. Сонымен қатар өтемақы өндіріп алудың үшінші тәсілі қарастырылған, ол – «Сақтандыру туралы» №5684 заңымен құрылған сақтандыру арбитраждық

комиссиясына жүгіну арқылы. Алайда, бұл процестің ұзақтығы мен тек белгіленген шеңберде ғана өтемақы беруіне байланысты тәжірибеде көп қолданыла бермейді [10].

Дегенмен, Түрік жүйесінің де кем тұстары бар. Оның негізгісі американдық жүйедегі секілді «қорғаныс медицинасы» проблемасы болып отыр. Медициналық жауапкершілік туралы алаңдаушылық дәрігерлерді «қорғаныс медицинасымен» айналысуға түрткі болуда.

Мәселен, нейрохирург мамандары арасында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде аталған мамандық өкілдерінің 72 пайызы «қорғаныс медицинасы» тактикасын қолданғандығы анықталған. Бұл үрдіс негізінен тәжірибесіз нейрохирургтар арасында (74,4%) жиі орын алған, олардың көпшілігі 40 жасқа толмаған (75,2%), олар көбінесе (72,7%) мемлекеттік ауруханаларда жұмыс істеген. Респонденттер жоғары қауіпті операцияларды тағайындамау (62,6%), зертханалық зерттеулерге жіберу (33,7%), науқастарды кеңесшілерге жіберу (31,2%) арқылы «қорғаныс медицинасы» тактикасын қолданғанын хабарлаған.

Осылайша, жоғары қауіпті операцияларды тағайындамау, қажетсіз диагностикалық сынақтарды тағайындау және науқастарды кеңесшілерге жіберу арқылы нейрохирургтар өздерін заңды тәуекелдерден қорғауға тырысқан, ал бұл өз кезегінде емделу шығындарының артуы мен мерзімінің ұзаруына әкеліп соғуда [11].

Экологиялық туризм саласындағы құқықтық қатынастар ҚР Конституциясымен қатар, 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңымен де реттеледі. Аталған заңда: «мемлекеттік табиғи қорықтарда аса құнды экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен реттелетін экологиялық туризмді жүргізу үшін экскурсиялық соқпақтар мен маршруттар жасауға жол беріледі. ...Жеке тұлғалардың мемлекеттік табиғи қорықтың аумағында болуына рұқсат беретін құжаттар болған кезде ғана жол беріледі. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердегі туристік және рекреациялық қызметті өзінде туристік операторлық қызметке арналған лицензия болған кезде тікелей мемлекеттік ұлттық табиғи парк, сондай-ақ туристік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады»⁶ – деп нұсқалған.

Экологиялық туризм субъектілеріне туристік операторлық қызметке арналған лицензияға ие тікелей мемлекеттік ұлттық табиғи парк, туристік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар жатады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңда экологиялық туризм түсінігіне анықтама берілмеген. Біз экологиялық

³ The Hague Declaration on Tourism. World Tourism Organization. 14 April 1989 [Electronic resource] – Access mode: <http://univeur.org/cuebc/downloads/PDF%20carte/68.%20The%20Hague.PDF> (Access data: 05.11.2023).

⁴ Québec Declaration On Ecotourism. Québec City, Canada, 22 May 2002 [Electronic resource] – Access mode: <https://gdr.org/uem/eco-tour/quebec-declaration.pdf> (Access data: 05.11.2023).

⁵ Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 ж. 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2 (жүгінген күні: 05.11.2023).

⁶ Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы: Қазақстан Республикасының 2006 ж. 7 шілдедегі №175 Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000175_ (жүгінген күні: 06.11.2023).



туризмге заңи анықтаманы 2022 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №73 бұйрығынан кездестірдік. Бұл бұйрықта берілген анықтама төмендегіше: «экологиялық туризм – табиғи объектілермен және дәстүрлі мәдениеттермен олардың компоненттерін жоймай және алып қоймай танысу мақсатында және жақын маңдағы елді мекендерде тұратын азаматтардың кәсіпкерлік қызметін дамытуға ықпал ететін табиғи жерлерге саяхат»⁷.

Біздің ойымызша, қарастырылған анықтамалар экологиялық туризмнің өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға және жүйелеуге мүмкіндік береді:

- экологиялық туризм табиғатты (қоршаған ортаны) тану мақсатында бұзылмаған, бірегей табиғи объектілер мен табиғи кешендерге ұйымдасқан түрде баруды (саяхаттауды) көздейді;

- экологиялық туризмді іске асыру барысында ресурстарды (табиғи объектілер мен кешендерді) сақтау мақсатында табиғат қорғау және табиғи ресурстар заңнамасының нормаларын сақтау қажеттілігі;

- экологиялық ағарту мен білім беруді жүзеге асыру, туристік процеске қатысушылардың экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыру;

- жергілікті халықтың экологиялық туризмді жүзеге асыруға және оларға осы қызметтен артықшылықтар алуға белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

- өңірлердің тұрақты дамуына жәрдемдесу.

Экологиялық туризм – белгілі бір аумақтың табиғатымен танысу, экологиялық сауаттылықты және экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ұйымдастырылатын, орындалуы барысында қоршаған ортаға (өртке, ауаның, жердің, судың биологиялық және химиялық ластануы мен қоқыстануына

жол бермеу, жануарлардың қырылуы мен өсімдік дүниесіне зиян келтірмеу және т.б.) зиян келтірмеу талабымен жүзеге асырылатын ұйымдасқан саяхат. Экологиялық туризм саласындағы кәсіпкерліктің ерекшелігі – бұл кәсіпкерлік түрімен жергілікті халықтың айналысуына басымдықтың берілуі мен жергілікті өңірлердің экономикасының тұрақты дамуына ықпал ету.

Енді экологиялық туризмді цифрландыру мәселесіне көшейік, экологиялық туризм саласында цифрландыру құралдары (әлеуметтік желілер, мобильдік қосымшалар мен геолокациялық карталар, телеграмм-чаттар, арнайы сайттар және т.б.) кеңінен пайдаланылады. Мысалы, ұлттық парктің ресми интернет-ресурстарында ұлттық парктердің туристік әлеуеті туралы ақпарат орналастырылады.

Әлемдік COVID-19 пандемиясы жағдайында туризмді жандандыру мақсатында цифрлық технологиялар кеңінен пайдаланылды. Еуропалық Комиссия хабарламаларында цифрлық трансформация мүмкіндіктерін пайдалану жайлы: «цифрлық технологиялар індетпен күресте маңызды құрал болып табылады. Мобильді қолданбалар контактілерді іздеу тактикасын жақсарта алады және денсаулық сақтау қызметкерлеріне вирустың таралуын бақылауға және тоқтатуға көмектеседі. Робототехника және жасанды интеллект дезинфекциялауды жеңілдетуге немесе деректерді қорғау заңдарына сәйкес туристер жиі келетін аймақтарда физикалық қашықтықты сақтауды бақылауға көмектеседі. Комиссия туристік маусымның жаңа қиындықтарын шешуге көмектесу үшін жергілікті туристік бизнеске Цифрлық инновациялық хабтар арқылы мамандандырылған қолдау көрсетеді (мысалы, халықты басқару, роботтарды тазалау және дезинфекциялауға тарту, қонақүйлердегі смарт брондау жүйелері және т.б.),»⁸ – деп айтылды.

⁷ Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 ж. 5 наурыздағы №73 бұйрығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027066> (жүгінген күні: 06.11.2023).

⁸ Communication From The Commission To The European Parliament, The Council, The European Economic And Social Committee And The Committee Of The Regions. Tourism and transport in 2020 and beyond / EUROPEAN COMMISSION [Electronic resource] – Access mode: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/HTML/?uri=CELEX:52020DC0550&from=EN#footnote12> (Access data: 06.11.2023).



Шетелдік зерттеушілердің пікіріне сәйкес туризмді жаңғыртуда цифрлық трансформация үлкен рөл атқарады. Еуропалық комиссия туризмге қатысты нақты ақпараты бар қолжетімді режимдегі уақыт картасын қамтитын арнайы платформа әзірлейді. Сонымен қатар жасанды интеллект пен робототехника туризм индустриясын қалпына келтіруге көмектесу үшін мемлекеттік органдар тарапынан кеңінен қолдау тауып жатқан технологиялардың бірі болып табылады. Экономикалық өсудің катализаторы ретінде туризмнің тиімділігін арттыруға әкелуі мүмкін. Көптеген зерттеулер цифрландырудың жалпы туризмге пайдалы, оң әсерін растайды [11].

Қазақстандағы экологиялық туризм саласындағы цифрландыру жағдайына тоқталар болсақ, бүгінгі таңда Қазақстанда 29,3 миллион гектар аумақты алатын ерекше қорғалатын аумақтар саны 161-ге (оған 14 ұлттық парк, 10 қорық, 7 резерват кіреді) жетіп отыр. Экологиялық туризмді дамытуда цифрлық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану мен сыбайлас жемқорлықпен күресу, салыққа түсетін төлемдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Көлсай көлдері» ұлттық паркіне кіру аймағында автоматтандырылған кіру жүйесі қойылып, туристік ағымға мониторинг жасау туристік маршруттарды реттеу мақсатында арнайы веб-сайт әзірленді. Бұл тәжірибені барлық ұлттық парктер аумағында қолданылу жоспарланып отыр⁹.

Еуразия фондының қолдауымен Экологиялық туризмнің ақпараттық-ресурстық орталығы жобасы (www.eco-tourism.kz веб-сайты) іске асырылған. Көрсетілген ақпараттық ресурста туристерге қажетті құқықтық база, географиялық карталар, табиғи объектілер туралы және т.б. толық ақпарат алуға болады.

2020 жылдан бастап айналмалы камералы фототомограф «Smart National Park Burabay»

ерекше қорғалатын аумақтарды цифрлық мониторингтеу жүйесі «Бурабай» ұлттық паркі аумағында жұмыс жасайды, ол 129 мың гектар кеңістіктегі қауіпті жерлерді тек суретке түсіріп қана қоймай, жедел басқару орталығына сигналдар жібереді. Операторлар аумақтың координатын анықтап, жедел іс-қимылдарды бастайды. Бұл жүйе аумақта өрт және басқа қауіпсіздік ережелерін сақтау, қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтарды анықтауда көмегін береді¹⁰.

2023 жылғы 28 наурыздағы «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» туризм әлеуетін көтеруде «Ұлттық туристік портал» цифрлық платформасын құру көзделді. «Ұлттық туристік портал» – мобильді қосымшалар мен веб-порталдардың бірыңғай жүйесі, ол шетелдік және отандық туристер арасында қазақстандық туристік объектілердің танымалдылығын арттыру мақсатында туристік объектілердің (қонақ үйлер, мұражайлар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер және т.б.) қолжетімділігін қамтамасыз ету; ондағы онлайн-брондауды енгізу, туристік бизнес иелері үшін жекелеген бизнес-процестерді автоматтандыруға, бағалау және рейтинг жүйесі арқылы нарықты бақылауға арналған¹¹. Осы тұжырымдамада туристерді орынжайлармен қамтамасыз етуде толығымен eQonaq жүйесін (<https://eqonaq.kz>) қолдануды ұсынады, бұл цифрландыру құралы қонақүйлерге тоқтаған шетелдік туристердің жеке құжатын сканерлеп, осы цифрлық платформаға енгізу арқылы тікелей мемлекеттік органдарға жіберу көзделген. Бұл жерде миграциялық саясатты қолдау, 2023 жылдан бастап енгізілген Ved Tax туристік салығының бюджетке түсуі үрдісін де бақылауға көмек береді.

Көріп отырғанымыздай, жалпы туризм саласына, оның ішінде экологиялық туризм

⁹ Ұлттық парктер мен қорықтар қызметі туралы / Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/550390?lang=kk> (жүгінген күні: 07.11.2023).

¹⁰ Как работает проект Smart National Park Burabay, рассказали в Управлении делами президента / Inform buro [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://informburo.kz/novosti/kak-rabotaet-proekt-smart-national-park-burabay-rasskazali-v-upravlenii-delami-prezidenta> (дата обращения: 08.11.2023).

¹¹ Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 ж. 28 наурыздағы №262 қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (жүгінген күні: 11.11.2023).



саласына цифрландыру жетістіктері кеңінен пайдаланылып жатыр. Біз бұл жерде туындайтын құқықтық мәселелер цифрлық трансформацияға көшу барысында сол цифрлық құрылғыларда қаншалықты сақталынып отыр? Осы жерде шетелдік және отандық заңнамаға сүйене отырып талдауды қажет ететін мәселе тұлғалардың жеке дербес деректерінің құпиялылығы мәселесін қозғағымыз келеді.

Туристік қызметте тұтынушылардың дербес деректері цифрлық ақпараттық жүйелерде саяхат турларын алу, әуе, теміржол және т.б. билеттер алу, қонақүйлерді брондау, туризм объектілерінің кіру пунктерінен өту және т.б. барысында үлкен көлемде сақталады. Киберқылмыстар мен қаржылық алаяқтықтарға жол бермеу және осы салада цифрлық қызметті қамтамасыз ету үшін деректерді ашық өңдеуді, қауіпсіз онлайн транзакцияларды қамтамасыз ету қажет.

2023 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі қазақстандықтардың дербес деректері (қазақстандықтардың жеке сәйкестендіру нөмірлері мен тұрғылықты жерлері туралы ақпарат) әлеуметтік желілерде шетелдік Telegram-Ботта ашық қолжетімділікте пайда болды, көптеген пайдаланушылар бұл деректер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған деп болжады. Вице-министр бұл қызметтер бұғатталатынын және тиісті өтінім Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолданғанын айтты¹².

2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 11-бабына сай, «Дербес деректердің құпиялылығы қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу

талаптарын сақтау арқылы қамтамасыз етеді». Көріп отырғанымыздай, дербес деректердің құпиялылығын сақталуын қадағалау қызметі күшейтуді қажет етеді¹³.

Экологиялық туризмді цифрландыруға байланысты деректердің құпиялылығын сақтау Еуропа елдері үшін де аса басымдыққа айналды. Еуропалық Парламентпен 2016 жылы бекітілген Дербес деректерді қорғау бойынша регламентте (General Data Protection Regulation) тұлғалардың дербес деректерін өңдеудің құқықтық негізі шарт болып табылатындығы көрсетілді. Дербес деректерді өңдеу үшін нақты бір мақсатқа қол жеткізу үшін берілген тұлғаның келісімі, дербес деректер иесі қатысатын шарттың орындалуы үшін берілген келісім, бақылаушыға жүктелеген құқықтық міндеттемені орындалуы үшін, өзінің немесе өзге тұлғаның өмірлік мүддесін қорғауға байланысты жағдайлар, бала мүддесі үшін, қоғамдық мүдде үшін немесе бақылаушыға сеніп тапсырылған мемлекеттік билікті жүзеге асыру шеңберінде және т.б. шарттардың бірі орындалуы тиіс¹⁴.

Талданған заңнамалық актіде туристердің жеке деректерін қорғаудың құпиялылығының сақталуы маңыздылыққа ие екендігіне көз жеткіземіз. Сондай-ақ кейбір елдерде арнайы салық төлеу үшін жеке деректерді жинауға құқық берілген және шетелдік қонақтар туралы құзыретті органдарға хабарлауға міндеттейтін арнайы ережелер бар.

Қорытынды. Экологиялық туризм туристердің ерекше қорғалатын аумақтардағы табиғи мұралармен танысуына мүмкіндігін береді, өз кезегінде туристер табиғат мұраларына құрметпен қарап, саяхат барысында экологиялық талаптарды сақтауы, ал кәсіпкерлер экологиялық туризм саласымен айналысуда экономикалық түсімді ғана емес, сол қызметтен табиғатқа зиянды кері әсерді болдырмауды көздеуі тиіс.

Қорытындылай келе, Қазақстан аумағын-

¹² В МЦРИАП подтвердили утечку персональных данных казахстанцев / Хабар 24 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://24.kz/ru/news/social/item/619522-v-mtsriap-podtverdili-utechku-personalnykh-dannykh-kazakhstanstsev> (дата обращения: 16.11.2023).

¹³ Дербес деректер және оларды қорғау туралы: Қазақстан Республикасының 2013 ж. 21 мамырдағы №94-V Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094> (жүгінген күні: 16.11.2023).

¹⁴ General Data Protection Regulation (EU GDPR) (EU) 2016/679 / EUR-Lex [Electronic resource] – Access mode: <https://eur-lex.europa.eu/EN/legal-content/summary/general-data-protection-regulation-gdpr.html> (Access data: 21.11.2023).



да экологиялық туризмді дамыту және қолдау бағыттарын шартты түрде бірнеше түрге бөлуге бөледі:

1. **Құқықтық бағыт.** Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында экологиялық туризмді құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін заңнамалық актінің жоқтығы, жалпы туризм қызметін реттейтін нормативтік құқықтық акт бар, аталған заң Қазақстан Республикасы экономикасы салаларының бірі ретінде туристік қызметтің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық негіздерін белгілейді. Экологиялық туризм тікелей қоршаған ортамен, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты қызмет түрі екенін ескере отырып, басқа көзқарас қажет екендігін атап өтуіміз қажет. Сәйкесінше, экологиялық туризмді құқықтық реттеу бойынша нормативтік актінің жобасы дайындалып, бұл актіде қоршаған ортаны қорғауға басымдылық бере отырып, экологиялық туризмді жүзеге асырудың қағидалары, экологиялық туризм саласындағы мемлекеттік билік органдарының құқықтары мен міндеттері, құзіреттері көрініс табуы қажет.

2. **Ұйымдастырушылық бағыт.** Республикасының аумағында экологиялық туризмді дамытып, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру мақсатында, ұлттық парктар аумағында көлікке арналған автотұрақтарды көбейту, кемпингтер ұйымдастыру, заманауи санитарлық кабиналардың болуын қамтамасыз ету, туристік соқпақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бағыттарды жетілдіру мен ұйымдастыру жұмыстарын жасау қажет.

Сонымен қатар Қазақстан заңнамасында дербес деректерді қорғауды күшейту стратегиялық және кешенді көзқарасты талап етеді. Жалпы туризм саласындағы дербес деректерді қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасағымыз келеді:

- *дербес деректерді трансшекаралық беру саласында:* дербес деректерді қорғаудың қанағаттанарлық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында дербес деректерді шет мемлекеттің аумағына беруге уәкілетті органнан алдын ала рұқсат алу үшін қосалқы институт енгізу керек;

- *халықаралық ынтымақтастық саласында:* халықаралық ынтымақтастық; халықаралық ынтымақтастықты арттыру үшін заңнаманы деректерді қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкестендіру қызметін одан әрі жалғастыру, бүгінгі таңда ТМД елдері арасындағы Дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісім 2022 жылғы 1 сәуірде ратификацияланған, болашақта ЕуроОдақ елдерінің (Еуропалық Парламентпен 2016 жылы бекітілген Дербес деректерді қорғау бойынша регламент (General Data Protection Regulation)) стандарттарымен ұлттық заңнаманы үйлестіруіміз қажет.

Экологиялық туризмді цифрландыруға байланысты деректердің құпиялылығы Қазақстан үшін басымдыққа айналуы тиіс. Экологиялық туризм саласындағы цифрландыру дербес деректердің құпиялылығына, киберқауіпсіздікке және экологиялық заңнаманың сақталуына тікелей әсер етіп, жалпы цифрлық құралдардағы, соның ішінде жеке дербес деректер енгізілген ұлттық порталдардағы дербес деректердің құпиялылығы сақталуына, кибершабуылдардан қорғалуына мемлекет кепілдік беруі керек.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (BR21882302 *Цифрлық трансформация жағдайындағы қазақстандық қоғам: перспективалар мен тәуекелдер*).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рыженков, А.Я. Правовое регулирование развития экологического туризма в России: проблемы и перспективы / А.Я. Рыженков // Business. Education. Law. Bulletin of Volgograd Business Institute. – 2014. – №4(29). – С. 259-264.



2. Николашин, В.Н. Особенности использования природных ресурсов в экологическом туризме / В.Н. Николашин // Транспортное дело России. – 2010. – №7. – Pp. 109-110.
3. Pisarev, G.A. Ecological tourism as special type of economic activity: main requirements to legislative regulation / G.A. Pisarev // Lawyer. – 2015. – №6. – Pp. 38-41.
4. Сопыханова, А.Б. Право рекреационного природопользования Республики Казахстан в условиях рыночных отношений: дис. ... канд. юрид. наук / А.Б. Сопыханова. – Алматы, 2010. – 121 с.
5. Кузьмич, И.П. Правовые проблемы развития агротуризма в Республике Беларусь // Сучасні проблеми аграрного і природоресурсного права: міжнар. наук.-практ. конф. (Кіпв, 30-31 жовтня 2009 г.): зб. наук. пр. / за заг. ред. В.М. Єрмоленка та ін. – К.: ІРІДУМ, 2009. – С. 75-78.
6. Лаевская, Е.В. К вопросу о правовых инструментах «зеленой» экономики в Республике Беларусь // Правовые механизмы охраны окружающей среды и обеспечения экологической безопасности: сб. науч. ст. / О.А. Бакиновская [и др.]; под ред. И.П. Манкевич. – Минск: Бизнесофсет, 2016. – С. 106-130.
7. Bekisheva, S.D. Development of ecological business as direction of environmental policy of the Republic of Kazakhstan / S.D. Bekisheva // Ecological right. – 2011. – №5. – Pp. 27-32.
8. Bokov, Y. Legal Restrictions in Ecotourism / Y. Bokov, et al. // Advances in Engineering Research. – 2020. – Vol. 191. – Pp. 46-50.
9. Атикеева, С.Н. Экологиялық туризм: оқу құралы // С.Н. Атикеева, М.Х. Каражанова, А.Е. Оспанова. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» Университеті, 2021. – 134 б.
10. Тихомирова, А.В. Экологический туризм // Bulletin of the South Ural State University. Ser. Law. – 2020. – №1(20). – Pp. 80-83.
11. Saseanu, A.S. Aspects of Digitalization and Related Impact on Green Tourism in European Countries [Electronic resource] / A.S. Saseanu, at el. // Information. – 2020. – №11. – Pp. 507. – Access mode: <https://doi.org/10.3390/info11110507> (Access data: 21.11.2023).

References:

1. Ryzhenkov, A.Ja. Pravovoe regulirovanie razvitija jekologicheskogo turizma v Rossii: problemy i perspektivy / A.Ja. Ryzhenkov // Business. Education. Law. Bulletin of Volgograd Business Institute. – 2014. – №4(29). – S. 259-264.
2. Nikolashin, V.N. Osobennosti ispol'zovanija prirodnyh resursov v jekologicheskom turizme / V.N. Nikolashin // Transportnoe delo Rossii. – 2010. – №7. – Pp. 109-110.
3. Pisarev, G.A. Ecological tourism as special type of economic activity: main requirements to legislative regulation / G.A. Pisarev // Lawyer. – 2015. – №6. – Pp. 38-41.
4. Sopyhanova, A.B. Pravo rekreacionnogo prirodnopol'zovanija Respubliki Kazahstan v uslovijah rynochnyh otnoshenij: dis. ... kand. jurid. nauk / A.B. Sopyhanova. – Almaty, 2010. – 121 s.
5. Kuz'mich, I.P. Pravovye problemy razvitija agrojekoturizma v Respublike Belarus' // Suchasni problemi agrarnogo i prirodnoredursnogo prava: mizhnar. nauk.-prakt. конф. (Kіpв, 30-31 zhovtnja 2009 g.): zб. наук. пр. / за заг. ред. V.M. Єрмолєнка та ін. – К.: IRIDIUM, 2009. – S. 75-78.
6. Laevskaja, E.V. K voprosu o pravovyh instrumentah «zelenoj» jekonomiki v Respublike Belarus' // Pravovye mehanizmy ohrany okruzhajushhej sredy i obespechenija jekologicheskoj bezopasnosti: sb. nauch. st. / O.A. Bakinovskaja [i dr.]; pod red. I.P. Mankevich. – Minsk: Biznesofset, 2016. – S. 106-130.
7. Bekisheva, S.D. Development of ecological business as direction of environmental policy of the Republic of Kazakhstan / S.D. Bekisheva // Ecological right. – 2011. – №5. – Pp. 27-32.
8. Bokov, Y. Legal Restrictions in Ecotourism / Y. Bokov, et al. // Advances in Engineering



Research. – 2020. – Vol. 191. – Pp. 46-50.

9. Atikeeva, S.N. Jekologijalyq turizm: oқи qұraly. // S.N. Atikeeva, M.H. Karazhanova, A.E. Ospanova. – Nұr-Sұltan: «Tұran-Astana» Universiteti, 2021. – 134 b.

10. Tihomirova, A.V. Jekologicheskij turizm // Bulletin of the South Ural State University. Ser. Law. – 2020. – №1(20). – Pp. 80-83.

11. Saseanu, A.S. Aspects of Digitalization and Related Impact on Green Tourism in European Countries [Electronic resource] / A.S. Saseanu, at el. // Information. – 2020. – №11. – Pp. – 507. – Access mode: <https://doi.org/10.3390/info11110507> (Access data: 21.11.2023).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Гүлнұр Қойшынқызы Рашева – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD), e-mail: gulnur1989@mail.ru.

Рашева Гүлнұр Қойшыновна – старший преподаватель кафедры таможенного, финансового и экологического права юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор философии (PhD), e-mail: gulnur1989@mail.ru.

Rasheva Gulnur Koishynovna – Senior Lecturer of the Department of Customs, Financial and Environmental Law of the Faculty of Law of Al-Farabi Kazakh National University, PhD, e-mail: gulnur1989@mail.ru.

Данияр Жапарқұлов – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, e-mail: 2030@list.ru.

Джапаркулов Данияр – докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби, e-mail: 2030@list.ru.

Japarkulov Daniyar – Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: 2030@list.ru.



АВТОРЛАР ҮШІН АҚПАРАТ

Журналдың айдарлары: Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы; Конституциялық және әкімшілік құқық; Азаматтық және азаматтық-процестік құқық; Қылмыстық құқық және криминология, қылмыстық-атқарушылық құқық; Қылмыстық процесс, криминалистика, сот-сараптама қызметі, жедел-ізвестіру қызметі; Прокурорлық қадағалау теориясы және тәжірибесі; Құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдар қызметі; Педагогика, психология және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар салаларындағы зерттеулер; Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану. Журналдың тақырыптық бөлімдері авторлардың жариялауым тақырыбын таңдауына шектеу қоймайды, өйткені маңызды материалдар болса, айдарды кеңейтуге болады.

Журналға жариялануға: а) басқа басылымдарда бұрын жарияланған авторлық материалдар; б) ертеде жарияланған нәтижелермен салыстырғанда жаңа ақпараты жоқ мақалалар немесе нақты, тарихи немесе басқа да қателіктер, сонымен қатар келтіретін ғылыми фактілерге тура қарсылық келтіретін бекітулер және гипотезалар бар мақалалар; в) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар және ведомстволық нормативтік актілеріне, шарттарға және т.б. сәйкес мемлекеттік құпиялар, қызметтік немесе коммерциялық құпияларға жататын мәліметтері бар материалдар; г) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жариялануға тыйым салынған материалдар қабылданбайды.

Берілген материалдардың мазмұны мен оның шынайылығы автордың жауапкершілігінде. Автордың көзқарасы Редкеңестің және редакцияның көзқарастарына сай келмеуі мүмкін. Редакция қажетті түзетулер мен қысқартулар жасауға құқылы. Материалдар қайтарылмайды. Жариялау бойынша мерзімдерді баспагер өз жауапкершілігіне алмайды. Егер де материал авторға (авторларға) қайта өңдеуге жіберілетін болса, автордың (авторлардың) қайта өңдеп, қайтарған күні материал түскен күні болып есептеледі. Әр автор (авторлар) бір нөмірде екі материал жариялай алады.

Материалдарды қабылдау және Журнал нөмірін құру келесі мерзімде жасалады: 1) тоқсанның бірінші айының 30 дейін – материалдарды жариялауға қабылдау; 2) тоқсанның екінші айының 30 дейін – журнал нөмірін құру бойынша Редакциялық алқаның және Редакцияның жұмыстары; 3) тоқсанның үшінші айының 30 дейін – журнал нөмірінің жобасын баспаханаға беру, журналды жариялау. Жаршыға мақалаларды рәсімдеу бойынша талаптар: 1) жариялауға арналған мақалаларда ғылыми зерттеулердің түпнұсқалар нәтижелері болуы қажет; 2) мақала мәтіні doc (Microsoft Word) A4 парағындағы форматта рәсімделеді, кітап бағытында, негізгі мәтіннің көлемі 8 бетке дейін, Times New Roman қарпінде, 14 pt, интервалы – 1,0; жолақтар арасы – біреу; форматтау – ені бойынша, абзацтық шегіну – 1,25 см, барлық жағынан өрістері – 20 мм, нөмірлеу міндетті түрде беттің төменгі жағындағы ортада; 3) мақала электронды түрде беріледі, рәсімделген келесі мәліметтердің көрсетілуімен беріледі: сол жақ бұрышында ЭОЖ (Әмбебап ондық жіктеу), МФТАР (Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттар рубрикаторы) (<http://grnti.ru>); автордың (авторлардың) аты-жөні (2 автордан аспау қажет), ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, академиялық дәрежесі, жұмыс орны, қаласы, мемлекеті, мақаланың аты (жартылай боялған басты әріптермен), аннотациясы (сөздердің саны 100-ден 150-ге дейін), түйінді сөздері (8-10 сөз) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Ұйымның толық аты, қаласы, мемлекеті (егер де авторлар басқа ұйымдарда жұмыс жасайтын болса, автор тегінің және тиісті ұйымның қасына бірдей белгі қойылуы қажет).

Аннотацияда мазмұны бойынша мақаланың атауын қайталамауы, формулалардың, библиографиялық сілтемелердің болмауы, мақаланың құрылымын сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс.

Түйінді сөздер мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі, мүмкіндігінше тақырып аты мен түйіндегі сөздер қайталанбауы тиіс, терминдерді мақала мәтінінен пайдаланған жөн, сонымен



қатар мақаланы ақпаратты жүйелерден табуды кеңейтетін және оны жеңілдетуге мүмкіндік беретін, басқа да маңызды ұғымдар мен мәнінің саласын анықтайтын терминдердің болуы қажет; мақала мәтінде кіріспе, зерттеу материалы мен әдістері, нәтиже/талқылау, қорытынды/шешімнің болуы; қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса); пайдаланылған әдебиеттер, ақпарат көздері мақаланы дайындау барысында (әдебиеттер тізімі) оның соңына орналасады (соның ішінде 1/3 кем емес шет тіліндегі шетелдік сілтемелер көздерінің болуы). Редакциялық алқа әдебиеттер тізімінде (Scopus, Web of Science) журналдарының жаһан бойынша индекстер сілтемелері бар мақалаларына сілтеме жасауды ұсынады. Мақалада сілтемелер аталу тәртібі бойынша нөмірленуі қажет. Мақаладағы сілтемелер нөмірі квадратты жақшалармен рәсімделеді. Мақаладағы әдебиеттерге бірінші сілтеме [1] нөмірлі болуы қажет, екінші – [2] және с.с. Материалдың авторы көрсетілмеген электрондық ресурстар, статистикалық жинақтар, нормативтік құқықтық актілер әр беттік сілтемелерде көрсетіледі және пайдаланылған әдебиеттер тізімі енгізілмейді. Мақаланың негізгі мәтіндегі кітапқа сілтеме пайдаланылған беттерді көрсетуі қажет (мысалы, [2, 545 б.]). Әдебиеттер тізімі МЕМСТ 7.1.-2003 «Библиографиялық жазба. Жалпы талаптар және толтыру ережесіне» сәйкес рәсімделеді. Қайта сілтеме жасалған кезде алдыңғы қолданған сілтеме нөмірі беріледі. Интернет-ресурстарға сілтеме жасалғанда автор, мақала мәтіні көрсетіледі, көздері, электрондық толық мекенжайы, оған кірген күні көрсетіледі. Жеке хабарламаларға, есептерге, қорғалмаған диссертацияларға және басқа да жарияланбаған материалдарға сілтеме жасауға рұқсат етілмейді. Мақаладағы әдебиеттер тізімі роман әліпбиімен (References) рәсімделеді. <http://translit.ru> сайтында орыс әліпбиінен латыншаға транслитерация жасайтын бағдарлама бар. Автордың өзіне-өзі сілтеме жасауы әдебиеттер тізіміндегі сілтемелердің жалпы санымен салыстырғанда 20% аспауы қажет. Сапалы рәсімделген және аударылған аннотация, түйінді сөздер, әдебиеттер тізімі мақалаға деген ынтаны, сонымен қатар шетелдік әріптестердің сілтеме жасауын арттырады. 4) формула теру үшін формулалар редакторы Microsoft Equation 3.0. пайдаланылады. Формулалар латын әліпбиімен теріледі, шрифтін көлемі 11. Мақалада сілтеме бар формулалар ғана нөмірленеді. Кестелер, суреттер (графикалық материалдар) айтылғаннан кейін орналастырылуы қажет. Әрбір иллюстрациядан кейін жазу болуы қажет. Суреттер анық, барлық детальдарды жеткізе алатындай күйде орындалуы қажет, нөмірленген, қол қойылған және электронды түрде берілуі тиіс. Кестенің атауы бас әріптермен, ал оның астындағылар жолақтағы әріптермен жазылса да болады, егер де олар бір сөйлемді құраса.

Көпшілікке белгілілерден басқа барлық аббревиатуралар және қысқартулар мәтінде бірінші рет қолданғаннан бастап ашылып жазылуы қажет.

Материалдар ақысыз жарияланады. Материалдар 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz электрондық поштасына жіберіледі. Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010078, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика көшесі, 94-құрылыс, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы.

Журналдың электрондық мұрағаты Журналдың ресми сайтында (vestnikacademy.kz) ашық қолжетімділікте орналастырылады.



ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ

Рубрики журнала: Теория и история государства и права; Конституционное и административное право; Гражданское и гражданско-процессуальное право; Уголовное право и криминология, уголовно-исполнительное право; Уголовный процесс, криминалистика, судебно-экспертная деятельность, оперативно-розыскная деятельность; Теория и практика прокурорского надзора; Деятельность правоохранительных и иных государственных органов; Исследования в сфере педагогики, психологии и социально-экономических наук; Международное право и сравнительное правоведение. Заявленные тематические разделы Журнала не ограничивают авторов в выборе темы публикации, так как при наличии актуального материала рубрикация может быть расширена.

К публикации в Журнал не принимаются: а) авторские материалы, ранее опубликованные в других изданиях; б) статьи, не содержащие новой информации, по сравнению с ранее опубликованными результатами, либо содержащие фактические, исторические или иные ошибки, а также статьи, содержащие утверждения и гипотезы, прямо противоречащие установленным научным фактам; в) материалы, содержащие сведения, которые составляют государственные секреты, служебную или коммерческую тайну в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и ведомственными нормативными актами, договорами и т.д.; г) материалы, запрещенные к опубликованию в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

За достоверность и содержание предоставленных материалов ответственность несет автор. Мнения авторов могут не совпадать с точкой зрения Редаксовета и редакции. Редакция имеет право производить необходимые правку и сокращения. Материалы не возвращаются. Издатель не берет на себя обязательства по срокам публикации. Если материал направляется автору (авторам) на доработку, то датой поступления считается дата возвращения автором (авторами) переработанного материала. Каждый автор (авторы) может опубликовать в одном выпуске не более двух материалов.

Прием материалов и формирование номера Журнала осуществляется в следующие сроки: 1) до 30 числа первого месяца квартала – прием материалов для публикации; 2) до 30 числа второго месяца квартала – работа Редакции по формированию номера Журнала; 3) до 30 числа третьего месяца квартала – передача проекта номера Журнала в типографию, опубликование Журнала. Требования по оформлению статей в Журнал: 1) статья для публикации должна содержать результаты оригинальных научных исследований; 2) текст статьи оформляется в формате doc (Microsoft Word) страница – А4, книжная ориентация, объем основного текста до 8 страниц, шрифт Times New Roman, кегль 14 пт, интервал – 1,0; межстрочный интервал – одинарный, форматирование – по ширине, абзацный отступ – 1,25 см, поля – 20 мм со всех сторон, нумерация обязательная внизу по центру страницы; 3) статья представляется в электронном виде, оформленная с указанием следующих сведений: в левом верхнем углу индекс УДК (универсальный десятичный классификатор), МРНТИ (Межгосударственный рубрикатор научно-технической информации) (<http://grnti.ru>); фамилия, имя, отчество автора (ов) (не более 2-х авторов), ученая степень, ученое звание, академическая степень (при наличии), информация о месте работы автора, город, страна, название статьи (прописными буквами, полужирным шрифтом), аннотация (количество слов – от 100 до 150), ключевые слова (8-10 слов) на казахском, русском и английском языках. Полное наименование организации, города, страны (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации).

Аннотация не должна по содержанию повторять название статьи, содержать формулы, содержать библиографические ссылки, должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи.



Ключевые слова должны отражать основное содержание статьи, по возможности не повторять термины заглавия и аннотации, использовать термины из текста статьи, а также термины, определяющие предметную область и включающие другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационной системы; текст статьи, содержащий введение, материалы и методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы; информацию о финансировании (при наличии); список использованных при подготовке статьи информационных источников (список литературы) располагается в конце статьи (в том числе не менее 1/3 иностранных источников на иностранном языке от общего количества). Редакционная коллегия рекомендует в списке литературы ссылаться на статьи из журналов по глобальным индексам цитирования (Scopus, Web of Science). Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Номер ссылки в тексте статьи оформляется в квадратных скобках. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1], вторая – [2] и т.д. Электронные ресурсы, в которых не указан автор материала, статистические сборники, нормативно-правовые акты указываются в постраничных сносках и в список использованной литературы не вносятся. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например [2, 545 стр.]). Список литературы оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1.-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». При повторном цитировании источника ему присваивается номер первоначального цитирования. При ссылках на Интернет-ресурсы указывается автор, название текста, источник, полный электронный адрес материала, дата его посещения. Не разрешается ссылка на частные сообщения, отчеты, не защищенные диссертации и другие неопубликованные материалы. Пристатейные списки литературы оформляются также в романском алфавите (References). На сайте <http://translit.ru> имеется программа транслитерации русского языка в латиницу. Самоцитирование автора допускается не более 20% от количества источников в списке литературы. Качественно оформленные и переведенные аннотация, ключевые слова, список литературы повышают интерес к статье, а также вероятность цитирования статьи зарубежными коллегами; 4) для набора формул следует использовать встроенный редактор формул Microsoft Equation 3.0. Формулы набираются латинским алфавитом, размер шрифта 11. Нумеруются только те формулы, на которые есть ссылки в тексте. Таблицы, рисунки (графический материал) должны располагаться после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть выполнены четко, в формате, обеспечивающем ясность передачи всех деталей, пронумерованы, подписаны и представлены на электронном носителе. Заголовки граф таблицы начинаются с прописных букв, а подзаголовки могут начинаться со строчных букв, если они составляют одно предложение с заголовком.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте. Статьи публикуются на безвозмездной основе. Материалы направляются на e-mail: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz. Почтовый адрес: Республика Казахстан, 010078, Акмолинская область, г. Косшы, улица Республика, строение 94, Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан.

Электронный архив Журнала выкладывается в открытом доступе на официальном сайте Журнала: vestnikacademy.kz.



INFORMATION FOR AUTHORS

Headings of the Journal: Theory and history of state and law; Constitutional and Administrative Law; Civil and Civil Procedure Law; Criminal Law and Criminology, Penal Law; Criminal procedure, Criminalistics, Forensic Expertise, Operational Investigative Activities; Theory and Practice of Prosecutorial Oversight; The Activities of Law Enforcement and Other Government Agencies; Research in the Field of Pedagogy, Psychology and Socio-Economic Sciences; International Law and Comparative Law. The thematic sections of the Journal do not limit the authors in choosing the topic of publication, since if there is interesting, relevant material, the rubrication can be expanded.

The following are not accepted for publication in the Journal: a) copyrighted materials previously published in other publications; b) articles that do not contain new information, compared with previously published results, or contain actual, historical or other errors, as well as articles containing statements and hypotheses that directly contradict established scientific facts; c) materials containing information that constitutes state secrets, official or commercial secrets in accordance with the current legislation of the Republic of Kazakhstan and departmental regulations, agreements, etc.; d) materials prohibited for publication in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan.

An author is responsible for the accuracy and content of the materials provided. The opinions of the authors may not coincide with the point of view of the Editorial Council and the editors. The editors have the right to make the necessary revisions and reductions. Materials are not returned. The publisher does not undertake obligations on the timing of publication. If the material is sent to the author(s) for revision, the date of receipt is the date of return by the author(s) of the revised material. Each author(s) can publish in one issue no more than two materials.

Reception of materials and the formation of the Journal number is carried out in the following terms: 1) until the 30th day of the first month of the quarter – acceptance of materials for publication; 2) until the 30th day of the second month of the quarter – the work of the Editorial Board on the formation of the Journal number; 3) until the 30th day of the third month of the quarter – transfer of the draft number of the Journal to the printing house, publication of the Journal. Requirements for articles to be accepted in the Journal: 1) article for publication must contain the results of original scientific research; 2) text of the article is in the format of doc (Microsoft Word) page – A4, portrait orientation, the volume of the main text up to 8 pages, font Times New Roman, size 14 pt, spacing – 1,0; single line spacing, formatting – in width, paragraph indent – 1,25 cm, margins – 20 mm on all sides, numbering is obligatory at the bottom in the center of the page; 3) article is submitted in electronic form, issued with the following information: in the upper left corner, the UDC index (universal decimal classifier, IRSTI (Interstate rubricator of scientific and technical information) (<http://grnti.ru>); surname, name, patronymic of the author(s) (no more than 2 authors), academic title, academic degree (if available), information about the place of work of the author, city, country, article title (in capital letters, bold) , abstract (number of words – from 100 to 150) keywords (8-10 words) in Kazakh, Russian and English. Full name of the organization, city, country (if the authors work in different organizations, you must put the same icon next to the author's name and the corresponding organization).

The abstract should not repeat the title of the article, contain formulas, contain bibliographic references, should reflect the summary of the article, keeping the structure of the article.

Keywords should reflect the main content of the article, if possible not repeat the terms of the title and annotations, use the terms from the text of the article, as well as terms defining the subject area and include other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the article by means of an information system; text of the article containing the introduction, materials and methods of research results/discussion, conclusion/summary; information on funding (if applicable); list of information sources used in the preparation of an article (references) is located at the end of the article (including at least 1/3 of foreign sources in a foreign language of the total). The editorial board recommends in the list of references to refer to articles from magazines on global



citation indices (Scopus, Web of Science). References should be numbered strictly in the order of mention in the text. The reference number in the text of the article is in square brackets. The first reference in the text to the literature should have the number [1], the second – [2], etc. Electronic resources that do not specify the author of the sources, statistical data, normative legal acts are indicated in page-by-page footnotes and not included in the references list.

The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [2, 545 p.]). References are made in accordance with GOST 7.1.-2003 «Bibliographic record. Bibliographic description. General requirements and rules of drafting». When re-quoting a source, it is assigned an initial citation number. When linking to the Internet resources, the author, the name of the text, the source, the full electronic address of the material, the date of its visit are indicated. Reference to private messages, reports, dissertation and other unpublished materials is not permitted. Work references are also drawn up in the Roman alphabet (References). On the site <http://translit.ru> there is a program for transliteration of the Russian language into Latin. The author's self-citation is allowed no more than 20% of the number of sources in the list of references. Qualitatively executed and translated abstract, keywords, bibliography increase interest in the article, as well as the likelihood of citing the article by foreign colleagues; 4) for the set of formulas, use the built-in formula editor Microsoft Equation 3.0. Formulas are typed in the Latin alphabet, font size 11. Only those formulas that are referenced in the text are numbered. Tables, figures (graphic material) should be located after the mention. Each illustration should follow the inscription. Figures should be made clearly, in a format that ensures the clarity of the transfer of all the details, numbered, signed and presented on electronic media. The headings of the table columns begin with capital letters, and subheadings can begin with lowercase letters if they constitute one sentence with a heading.

All abbreviations, with the exception of obviously well-known, should be deciphered when first used in the text. Articles are published free of charge. Materials are sent to e-mail: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz. Mailing address: Republic of Kazakhstan, 010078, Akmola region, Kosshy c., building 94, Law enforcement Academy under the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan.

The electronic archive of the Journal is put out in the public domain on the official website of the Journal: vestnikacademy.kz.

Құрылтайшы:
Құқық қорғау органдары академиясы
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ.,
Республика көшесі, 94-құрылыс
Тел.\факс: 8 (71651) 68-100
e-mail: academy-gp.kz, vestnikacademy.kz

Басуға 2023 жылдың 29 желтоқсанында қол қойылған
Пішімі 84x60^{1/8}. Көлемі-172 бет.
Журналды басып шығарған
«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» ММ баспасы.
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ.,
Республика көшесі, 94-құрылыс